Әлбетте, бұл тәсіл кәсіпорынның құнының әлеуетті өсуін бағалауға мүмкіндік бермейді. Жеке көрсеткіштердің - факторлардың маңыздылығын бағалау кәсіпорын құнының өсу әлеуетін өлшеумен бірдей емес.

Инновациялық үдерісті басқару шеңберінде ең үлкен қызығушылық болжамдық мақсатты тәсілдің нұсқасы болып табылады (2 сурет) кәсіпорынның нарықтық құнының өсу әлеуетін айқындауды және ресурстарды пайдалану тиімділігін бағалауды көздейтін инновациялық әлеуетті бағалауға, бұл ресурстық-нарықтық құндық тәсілге сәйкес келеді.

Кәсіпорынның инновациялық әлеуетін талдау мен бағалаудың концептуалды моделі



Ескерту: Авторлармен құрастырылған.

Инновациялық әлеуетті салыстыру, зерттеу және бағалау үшін тұжырымдамалық модель ретінде әзірленген инновациялық стратегияның бизнес-жоспары пайдаланылады, онда инновациялық әлеуетті тудыратын факторлардың барлық жиынтығы көрініс табады. Бизнес-жоспарды әзірлеу кезінде өсу әлеуетін кешенді бағалау үшін қажетті болжамды көрсеткіштердің-факторлардың барлық жүйесі қалыптастырылады. Осы көрсеткіштерді салыстырмалы (базалық) кезеңнің көрсеткіштерімен салыстыру кәсіпорынның экономикалық өсу әлеуетін – оның нарықтық құнының өсуін бағалауға мүмкіндік береді.

Қойылған міндетті шешу әдісі ретінде қашықтық әдісін пайдалану орынды деп санаймыз. Осы әдіс бойынша әрбір кәсіпорын салыстыру жүзеге асырылатын көрсеткіштерді қарастырады. Сонымен қатар пайдаланылатын көрсеткіштер тәуелсіз ретінде қарастырылады. Эталонды - объектіні таңдау салыстырылатын объектілердің жақындық дәрежесін бағалауға байланысты болады [4].

Бағалаудың әр түрлі көрсеткіштері өлшемсіз болған жағдайда, қарастырылатын көрсеткіштің мәнін объект - эталонның ұқсас көрсеткіштерінің мәніне бөлу жолымен оларды нормалау жүзеге асырылады [8].

Егер бағаланған көрсеткіштің өсуі қолайлы болса (тиімділіктің өсуін көрсетсе), онда нормалау мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$X_j = Z_j / \max Z_j, \quad (3)$$

мұнда, X_j – көрсеткішінің нормаланған мәні j -нің көрсеткіштің; Z_j – мағынасы j -нің зерттеліп

жатқан істің көрсеткіші; $\max Z_j$ – ең үлкен мағына j -нің көрсеткіш объекті - эталон үшін.

Ақырғы нәтижені сипаттайтын қашықтықтар әдісіне негізделген бағалаудың интегралдық көрсеткіші, формула бойынша есептелетін өсу әлеуеті ($\theta\partial$):

$$\theta\partial = \sqrt{\sum_{j=1}^m (1 - Y_j)^2}, \sqrt{\sum_{j=1}^n (1 - X_j)^2} \quad (4)$$

мұнда, $\theta\partial$ – өсу әлеуетін сипаттайтын коэффициент; X_j – өсу әлеуетін бағалау үшін пайдаланылатын көрсеткіштің қалыпты мәні, $j=1, m$; 1 – эталондық объект үшін көрсеткіштің қалыпты мәні; n – бағалау кезінде пайдаланылатын көрсеткіштер саны. $\theta\partial$ мәні өсу әлеуетінің бар екендігін көбірек көрсетеді. $\theta\partial$ мәні жоғары болған сайын, әлеуетте соғұрлым жоғары.

Осылайша, инновациялық әлеуетті бағалауға қатысты қашықтық әдісі салыстырмалы көрсеткіштердің эталондық объектінің көрсеткіштерінен асып кету дәрежесін ескеруге мүмкіндік береді, инновациялық бағдарламаны іске асырғанға дейінгі кәсіпорын көрсеткіштері пайдаланылады [8].

Өсу әлеуетін бағалаудың құндық өлшемі ретінде экономикалық қосылған құн көрсеткішін (EVA) пайдаланамыз.

EVA барлық инвестицияланған активтерді ескере отырып, кәсіпорынның нарықтық құнының ағымдағы мәнін анықтау және оның өзгеруін мониторингілеу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, ағымдағы және ұзақ мерзімді көрсеткіштердің өзара байланысын көрсетеді [9].

Бұдан басқа, EVA-ның негізгі ерекшеліктерінің бірі бухгалтерлік көрсеткіштерді түзетуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, тиімділікті бағалау мен стандартты есептіліктің жаңа талаптарын үйлестіру болып табылады.

Бағаның өсуі ақша ағындарының ұлғаюына байланысты, осылайша кәсіпорынның қаржылық жағдайын тұрақтандыра отырып, меншік иелерінің әлеуетті кірістерін барынша арттыруына алып келуі. Осы арқылы EVA кәсіпорын менеджерлерін ынталандыру құралы ретінде қарастырылады.

Егер EVA оң мағынаға ие болса, кәсіпорын қосылған құн жасайды. Ресурстарды пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер ретінде мыналарды пайдаланамыз: қор беру көрсеткіші;

материал беру; жалақы беру, сондай-ақ 1 теңге түсімге жұмсалған шығындар көрсеткіші.

Өсу әлеуетін есептеу мысалы

Кәсіпорынның қысқаша сипаттамасы. Қоршау конструкцияларының зауыты жобалаумен, өндірумен және монтаждаумен айналысады. Персоналды ұйымдастырушылық оқыту көзделеді. Стратегиялық мақсаттар: бизнестің құндылығын, оның әлеуетін арттыру, ұзақ мерзімді перспективаға арналған бәсекелестік артықшылықтарды нығайту.

Салыстыру үшін база (эталон) ретінде 2017 жылғы қызмет көрсеткіштері қабылданды, өсу әлеуетін бағалау үшін 2018 жылға арналған бизнес-жоспардың болжамды көрсеткіштері пайдаланылды (3 кесте).

3 кесте

Инновациялық әлеуетті есептеу үшін пайдаланылатын бастапқы деректер

Көрсеткіштің атауы	2017	2018
Меншікті капитал, млн. теңге	460,37	429,75
Меншікті капиталдың құны, %	25	25
Қарыз капитал (ұзақмерзімді), млн. теңге	365,2	349,6
Қарыз капиталының құны, %	15	15
Инвестицияланған капитал, млн. теңге	825,6	780,3
Негізгі өндірістік қорлардың құны, млн. теңге	290,5	250,5
Сатудан түскен пайда, млн. теңге	5900	8950
Өнімнің өзіндік құны, млн. теңге	5455	7208
Материалдарға арналған шығындар, млн. теңге	3870	4300
Еңбек ақы, млн. теңге	830	1950
Жалақыны есептеу, млн. теңге	280	580
Үстеме шығыстар, %	9	7
Салық төлегеннен кейінгі пайда, млн. теңге	230,8	440,4

Ескерту: авторлармен құрастырылған.

Кәсіпорынның инновациялық дамуы жағдайында өсу әлеуетін бағалау үшін пайдаланылатын көрсеткіштердің есебі 4 кестеде келтірілген.

4 кесте

Кәсіпорынның өсу әлеуетін бағалау үшін пайдаланылатын көрсеткіштерді есептеу

	2017	2018
Капитал құрылымы мен бағасын есептеу:		
Меншікті капиталдың үлес салмағы	$460,37 / 825,6 = 0,56$	$429,75 / 780,3 = 0,55$
Қарыз капиталының үлес салмағы	$365,2 / 825,6 = 0,44$	$349,6 / 780,3 = 0,45$
Капитал бағасын анықтау (WACC), %	$0,56 * 25 + 0,44 * 15 = 20,6$	$0,55 * 25 + 0,45 * 15 = 20,5$
Экономикалық қосылған құн көрсеткішін есептеу (EVA), млн. теңге	$230,8 - 0,206 * 825,6 = 60,7$	$440,4 - 0,205 * 780,3 = 280,4$
Ресурстарды тиімді қолданылуын сипаттайтын көрсеткіштерді есептеу		
Қор қайтару көрсеткіші = Түсім / НӨҚ құны	$5900 / 290,5 = 20,3$	$8950 / 250,5 = 35,7$
Материал беру көрсеткіші = Материалдар түсімі / Шығындары	$5900 / 3870 = 1,52$	$8950 / 4300 = 2,08$
Жалақының 1 теңгесіне түсімнің деңгейін сипаттайтын көрсеткіш:		
Жалақы беру = Түсім / Жалақы есептеумен жұмсалған шығындар	$5900 / 1110 = 5,31$	$8950 / 2530 = 3,53$
1 теңге түсімге кететін шығындар = Өзіндік құн / Түсім	$5455 / 5900 = 0,92$	$7208 / 8950 = 0,80$

Салыстыру үшін база (эталон) ретінде 2017 жылғы қызмет көрсеткіштері қабылданды, өсу әлеуетін бағалау үшін 2018 жылға арналған бизнес-

жоспардың болжамды көрсеткіштері пайдаланылды (5 кесте).

Көрсеткіштердің нормаланатын мәндерінің жиынтық кестесі

Нормаланатын мән	Болжамды мән	Эталонды мән
X1=4,61 (EVA 2018 / EVA 2017)	280,4	50,1
X2=1,75 (Қор қайтарымы 2018 / Қор қайтарымы 2017)	35,7	20,31
X3=1,36 (Материал беру 2018 / Материал беру 2017)	2,08	1,55
X4=0,66 (Жалақы беру 2018 / Жалақы беру 2017)	3,53	4,31
X5= 0,86 (1 теңге түсімге кететін шығындар) = Шығындар 2018 / Шығындар 2017)	0,80	0,90

Ескерту: Авторлармен құрастырылған.

4 формулаға сәйкес қашықтық әдісін пайдалана отырып, өсу әлеуетінің (ӨӘ) интегралдық көрсеткішін есептейміз:

$$\Theta\Delta = \sqrt{(1-X1)^2 + (1-X2)^2 + (1-X3)^2 + (1-X4)^2 + (1-X5)^2} = 3,72$$

Жүргізілген есептеулер кәсіпорынның қаралған көрсеткіштердің жиынтығы бойынша өсу әлеуетіне ие екенін көрсетті. Кешенді көрсеткіш 3,72-ке тең, яғни 1-ден артық. Ең үлкен әлеует экономикалық қосылған құнның өсуде және негізгі өндірістік қорларды пайдалануда байқалады. Жалақы беруді еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіш ретінде «тар орын» деп санау керек.

Қорытынды

Инновациялық әлеуетті бағалау кәсіпорынның инновациялық даму стратегиясын әзірлеу және іске асыру кезінде маңызды мәнге ие. Экономикалық қосылған құн өлшемін пайдалана отырып, құндық тәсіл негізінде есептелген өсу әлеуеті ретінде инновациялық әлеуетті бағалау барынша қызығушылық тудырады деп санаймыз. Осы міндетті шешу үшін өсу әлеуетін есептеуге ғана емес, сонымен қатар кәсіпорынның ресурстарын пайдалану тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін қашықтық әдісі неғұрлым ұтымды деп санаймыз. Бұл менеджменттің динамикалық мүмкіндіктері шеңберінде бизнес-модельді жетілдірудің өзекті бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді, осылайша кемшіліктерді жоюға және ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Сындарлы қоғамдық диалог - қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» http://akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсы <http://stat.gov.kz>
3. Аксенова А.П., Фокина О.М. Методика оценки потенциала предприятия, реализующего инвестиционный проект / Математические модели и методы 2008 №1
4. Бабкин А.В., Новиков А.О. Анализ подходов и методов оценки инновационного потенциала предприятия / Научно-технические ведомости СПбГПУ 2009 №2(75)
5. Жанабаева Ж.К., Тлесова Э.Б. Конкурентоспособность экономики как важнейший фактор экономической безопасности Казахстана / Экономика и статистика 2019 №2, стр.25-32
6. Котлер Ф. Стратегический менеджмент по Котлеру: Лучшие приемы и методы / Альпина Паблишер 2012
7. Матвейкин В.Г., Дворецкий С.И., Минько Л.В., Таров В.П., Чайникова Л.Н., Летунова О.И. Инновационный потенциал: современное состояние и перспективы развития / Машиностроение 2007
8. Рахметулина Ж.Б., Ауелбекова А.К. Кәсіпорынның инновациялық әлеуетін бағалаудағы құндық тәсіл / Central Asian Economic Review 2019 №3(126), 118-128 бет
9. Яковлева Е.А. Управление стоимостью промышленного предприятия в условиях инновационного развития / СПбГПУ 2009
10. The Global Competitiveness Report 2018 <http://reports.weforum.org/global-competitiveness-report-2018/country-economy-profiles/#economy=KAZ>

Резюме:

Мақалада авторлар кәсіпорынның инновациялық әлеуетін бағалаудың қазіргі тәсілдерін қарастырды, кәсіпорынның инновациялық әлеуетін бағалаудың әдістері мен мақсаттарын талдады, кәсіпорынның инновациялық әлеуетін анықтау, талдау және бағалау жүйесінің тұжырымдамалық моделі ұсынылды. Авторлар кәсіпорынның инновациялық әлеуетін өсу әлеуеті ретінде бағалауға құндық көзқарас қажеттілігін негіздеген, оны экономикалық қосылған құн критерийлерін, сондай-ақ құндылықты құру тізбегіне әсер ететін факторларды пайдалана отырып қашықтық әдісімен бағалауды ұсынады. Қашықтық әдісінің арқасында өсу

әлеуетін есептеуге, кәсіпорынның ресурстарын пайдалану тиімділігін бағалауға болады. Бұл менеджменттің динамикалық мүмкіндіктері шеңберінде бизнес-модельді жетілдірудің өзекті бағыттарын анықтауға, кемшіліктерді жоюға және ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Негізгі сөздер: кәсіпорынның инновациялық әлеуеті, инновациялық процес, ресурстық, нарықтық, бағалаудың құндық тәсілдері, өсу әлеуеті, қашықтық әдісі.

В статье авторами изучены существующие подходы к оценке инновационного потенциала предприятия, проанализированы методы и цели оценки инновационного потенциала предприятия, предложена концептуальная модель системы определения, анализа и оценки инновационного потенциала предприятия. Авторы обосновывают необходимость стоимостного подхода к оценке инновационного потенциала предприятия как потенциала роста, оценить который предлагается методом расстояний с использованием критерия экономической добавленной стоимости, а также факторов влияющих на цепочку создания ценности. Благодаря методу расстояний можно рассчитать потенциал роста, оценить эффективность использования ресурсов предприятия. Это позволяет в рамках динамических возможностей менеджмента определить актуальные направления совершенствования бизнес-модели, устранить недостатки и повысить эффективность использования ресурсов.

Ключевые слова: инновационный потенциал предприятия, инновационный процесс, ресурсный, рыночный, стоимостной подходы к оценке, потенциал роста, метод расстояний.

The authors studied the existing approaches to the assessment of innovative potential of the enterprise, analyzed the methods and goals of assessment of innovative potential of the enterprise, proposed conceptual model of the system definition, analysis and estimation of innovative potential of the enterprise. The authors justify the need for a cost approach to assessing the innovative potential of the enterprise as a growth potential, which is proposed to be assessed by the distance method using the criterion of economic value-added, as well as factors affecting the value chain. Due to the distance method, it is possible to calculate the growth potential, to assess the efficiency of the use of enterprise resources. In the framework of dynamic management capabilities, this allows to determine the current directions of improvement of the business model, to eliminate shortcomings and improve the efficiency of resource use.

Keywords: innovative potential of an enterprise, innovation process, resource, market, cost approach to evaluation, growth potential, distance method.

Авторлар туралы мәлімет:

Рахметулина Ж.Б. – э.ғ.к., «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Нұр-сұлтан қаласы)

Ауелбекова А.К. – э.ғ.к., «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Нұр-сұлтан қаласы)

JEL:031

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуы жолында инновациялық белсенділікті жоғарылату

З. Шаукерова, Л. Байтуова

Кіріспе

Инновациялық белсенділік - экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудың негізгі жолы. Инновация еңбек өнімділігінің артуына, жаңа өндірістік салалардың, қызметтер мен жаңа жұмыс орындарының ашылуына, қызмет көрсету сапасының жоғарылауына және әлемдік нарықта отандық тауарлардың бәсекелік қабілеттілігінің жоғарылауына үлес қосады. Елімізде инновациялық белсендікті жетілдіру бағытында көптеген жұмыстары жүріп жатыр. Соның бірі - Ұлттық инновациялық қор. Қордың негізгі мақсаты - елдегі инновациялық белсенділікті жандандыру, Қазақстанның технологиялық жағынан бәсекелестігін арттыру, жоғары технологиялық өндіріс орындарын дамыту болып табылады.

Жаңалық пен ғылымды, технологияны, техниканы өндіріспен тығыз байланыстыру мақсатында Қазақстанда «индустриялық-инновациялық даму» бағыты көзделген. Бүгінде біз үлкен мүмкіндіктері бар ел ғана емес, сол мүмкіндіктерді нақты жүзеге асырып отырған алып мемлекетке айналудамыз. Мемлекеттің бәсекеге қабілетін көрсететін басты көрсеткіш — оның экономикасы. Экономиканың бәсекеге қабілетті болудың басты бағыты — индустриялық-инновациялық экономика құру және шикізаттық емес секторды дамыта отырып, инновациялық процестерге бет бұру [1].

«Индустрияландыру» ұғымы (лат. тілінде Industria) — дамудың дәстүрлі кезеңінен индустриялық кезеңге экономикада өнеркәсіптік өндірістің басымдылығымен үдетілген әлеуметтік-экономикалық ауысу үдерісі. Бұл үдеріс жаңа технологиялардың дамуымен байланысты, әсіресе энергетика және металлургия салаларында. Индустрияландыру барысында қоғам да кейбір өзгерістерге ұшырайды, оның әлемдік тануы өзгереді. Еңбекке позитивті көзқарас, жаңа технологияларды және ғылыми жаңалықтарды мейлінше тезірек қолдануға ұмтылу да өндірістің және халық табысының үдемелі өсіміне өз үлесін қосады. Нәтижесінде, аса кең ауқымды, ақыр аяғында, өнімнің және қызметтің барлық түрлерінің әлемдік нарығы қалыптасады, бұл, өз кезегінде, әрі қарай экономикалық өсімнің инвестицияларын ынталандырады.

Қазақстанда ең алғашқы үдемелі индустрияландырудың қажеттілігі жөнінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы. «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында жариялады. Бұл Жолдауға сәйкес, үдемелі

индустрияландыру — бұл жаңа салаларды қалыптастыру үдерісі, сондай-ақ экономиканың бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын инновацияларды және жоғары технологияларды енгізу негізінде дәстүрлі салалардың дамуы [3].

Қазақстанның да басымды мақсаттарының ең негізгісі — инновациялық жағдайды дамыту арқылы әлемдік экономикалық жүйеге Қазақстанның интеграциялануының нәтижелі жүйесін құру. Негізінен индустриялық-инновациялық бағыт дағдарыстан кейінгі Қазақстанның дамуы моделінің негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында «Инновацияларды ынталандыру» міндеті саласында технологияларды ұзақ мерзімді дамыту үшін қазақстандық компаниялар шетелден жаңа шешімдер мен мамандарды импорттап қана қоймай, сонымен қатар өздерінің технологиялық әзірлемелерін, оның ішінде әлемге танымал шешімдерді ел нарығының ерекшеліктеріне бейімдеуге бағытталған технологиялық әзірлемелерін жасаулары қажет. Бұл үшін жаңа және цифрлық технологияларды оңайлату әрі оларға салынатын инвестицияларды неғұрлым тартымды ету мақсатында инновацияларды коммерцияландырудың толыққанды инновациялық экожүйесі мен кәсіпорындардың инновациялық қызметке қатысуын ынталандыру қажет. Бұл міндетті іске асырудағы маңызды нәтижелердің бірі ел аумағында технологиялық стартаптардың танымалдығын әрі санын арттыру болады [4].

«Инновациялық экожүйені дамыту және инновациялық бизнесті санаға сіңіру» бастамасы. Жаңа отандық инновациялық кәсіпорындардың (стартаптардың) пайда болуын ынталандыру үшін инновациялық экожүйені дамыту жалғастырылады. Бизнес-модельді жүргізу идеясынан бастап оны ауқымды етуге дейін бірыңғай саясат пен толық циклды қалыптастыру мақсатында инновациялар жүйесінің негізгі қатысушылары арасында байланыс, ақпарат желісін алмасу және ынтымақтастық кеңейтіледі.

Инновациялық белсенділікті жоғарлату міндеттеріне келесідей жіктеуге болады:

- Басшылықтың қажетті әлеуетті: ресурстарды, ақпаратты, мамандарды және басқаларды тиімді қолдану қабілеті;
- Қолайлы инвестиция көздерін анықтау;
- Инновациялық қалыптасуларды ендірудегі белсенділік, нақты бәсекелік артықшылықтарды

алуға бағытталған әдістер мен тұжырымдамаларды қолдану;

- Ортаның жағдайы мен объектінің (инновацияның) жағдайын ескере отырып сәйкес стратегиялық жағдайды реактивті, белсенді және жоспарлы-болжамдық қолдану;

- Инновациялық өзгерістерді жүзеге асыру мен инновациялық зерттеулерді жүзеге асыру бойынша интенсивті іс-әрекеттер;

- өндірістің интенсивті факторларының күшеюі, олар ғылыми-техникалық прогрессті экономикалық әрекеттің барлық салаларында қолдануға ықпал жасайды;

- жаңа техниканы құру мен енгізудің тиімділігін арттырудағы ғылымның анықтаушы ролі;

- жаңа техниканы құру, игеру мерзімін елеулі қысқарту, өндірістің техникалық деңгейін жоғарылату, ғалымдар мен жаңашылдардың шығармашылығын жаппай дамыту қажеттілігі;

- ғылыми-техникалық өндірістің ерекшелігі, шығындар мен нәтиженің белгісіздігі, зерттеудің айқын көрінетін көп варианттығы, қатер және мүмкін теріс нәтижелер;

- жаңа өнімді игеру барысында шығындардың көбеюі және экономикалық көрсеткіштердің нашарлауы;

- техника мен технологияның жедел моральдық ескіруі;

- жаңа техника мен технологияны жеделдетіп енгізудің объективті қажеттілігі және т.б.

Зерттеудің негізгі әдістерін ретінде: статистикалық талдау және синтез, индукция және дедукция, эмпирикалық әдіс-тәсілдері қолданылды.

Кәсіпорынның инновациялық белсенділігін бағалауда маңызды база ретінде инновациялық әлеуеттің элементтері болуы мүмкін. Ол элементтерге келесілерді жатқызуға болады: инновациялық-бағытталған бөлімшелердің болуы, мамандар құрамы, қаржылық ресурстар, материалды-техникалық қамтамасыз ету, интеллектуальды меншік, ұйымдастырушылық-басқарушылық көрсеткіштер.

Өнімді инновацияларды ынталандыру, инноваторлардың шекті массасына қол жеткізу, технологияларды және трансферттің мүмкіндіктерін коммерцияландыру мақсатында трансферт кеңселер желісі мен елдің ірі университеттерінде олардың әлеуеті мен институционалдық мүмкіншіліктерін арттыруға бағытталған технологияларды коммерцияландыру дамытылады.

Жобаларды ілгерілету үшін бастапқы кезеңдерде міндеті технологиямен байланысты бизнесті жеке инвестициялар үшін тартымды деңгейге дейін жеткізу болып табылатын бизнес-инкубациялау жүйесі және бизнес-инкубаторлар дамытылады. Бизнес-инкубаторлар, оның ішінде жоғары оқу орындарымен ынтымақтаса отырып, стартаптарға консультациялық және тәлімгерлік көрсетілетін қызметтердің кең ауқымы ұсынылатын болады. Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер білім алудан бастап бизнес-жоспарлар мен жобаларды іске асыруға дейін толық даму жолынан өте алады.

Индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыруда тікелей бизнес-инкубаторларды, сол сияқты олардың резиденттерін қолдауды көздейтін жеке бизнес-инкубациялауды дамыту процесі іске қосылады.

Жоғары технологиялық стартаптарға өндірістік алаңшалар түрінде, оның ішінде жұмыс істеп тұрған өндірістер базасында, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу, тәжірибелік үлгілерді, прототиптер немесе пайдалы модельдер құру, өз өнімдерінің аз сериялы топтамасын шығару үшін сервистік қолдау көрсетіледі. Жоғары технологиялық бизнестің шекті массасын ұлғайту мақсатында Қазақстанға инновация және технология саласындағы неғұрлым талантты қызметкерлерді тартуды қолдау жалғастырылады. Әріптестік желісі АҚШ, Еуропа, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі – ТМД) елдері мен Азияның жетекші инкубаторлары мен қорларын қамтиды.

Соның ішінде өз еліміздің облыс, қала аймақтарында инновацияның барлық түрлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін төмендегі кестеден көруге болады [4].

1 кесте

Инновацияның барлық түрлері бойынша кәсіпорындардың саны

	Кәсіпорындардың саны барлығы, бірлік						Одан инновациясы барлары					
	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Қазақстан Республикасы	22 070	24 068	31 784	31 077	3 084	30 501	1774	1 940	2 585	2 879	2 974	3 230
Ақмола	1 173	1 270	1 325	1 301	1 299	1 207	83	92	90	91	98	93
Ақтөбе	1 044	1 114	1 236	1 234	1 149	1 174	68	85	86	115	116	125
Алматы	1 318	1 473	1 643	1 648	1 797	1 830	126	139	114	129	146	151
Атырау	798	977	276	1 193	1 145	1 161	41	79	102	101	92	96
Батыс Қазақстан	646	768	857	917	932	952	34	51	35	33	49	50
Жамбыл	734	808	852	834	846	841	75	98	90	90	96	96
Қарағанды	1 957	1 902	2 340	2 235	2 309	2 289	148	159	216	238	257	336
Қостанай	1 393	1 500	1 502	1 43	1 475	1 342	164	204	218	161	167	163
Қызылорда	709	725	846	812	784	756	85	73	99	91	89	92
Манғыстау	838	922	1 027	1 060	1 131	1 128	20	32	41	43	40	45
Павлодар	1 118	1 142	1 354	1 286	1 292	1 272	95	79	65	83	112	116

	Кәсіпорындардың саны барлығы, бірлік						Одан инновациясы барлары					
	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Солтүстік Қазақстан	1 047	1 001	1 047	1 049	1 023	1 013	114	116	111	119	115	119
Түркістан	997	837	884	905	939	927	42	47	52	60	50	60
Шығыс Қазақстан	1 767	2 055	2 091	1 985	2 010	2 050	99	157	240	296	303	317
Нұр-Сұлтан қаласы	1 617	1 997	4 103	4 003	4 039	3 975	179	214	541	543	582	583
Алматы қаласы	3 902	4 389	7 970	7 716	7 124	6 997	314	219	377	590	550	670
Шымкент қаласы	1 012	1 188	1 431	1 461	1 560	1 587	87	96	108	96	112	118

Ақпарат көзі: [6] ресми сайттарынан алынған.

2 кесте

Инновацияның барлық түрлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің негізгі көрсеткіштері

	Инновация саласындағы белсенділік деңгейі, %-бен					
	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Қазақстан Республикасы	8,0	8,1	8,1	9,3	9,6	10,6
Ақмола	7,1	7,3	6,8	7,0	7,5	7,7
Ақтөбе	6,5	7,6	7,0	9,3	10,1	10,6
Алматы	9,	9,4	6,9	7,8	8,1	8,3
Атырау	5,1	8,1	8,0	8,5	8,0	8,3
Батыс Қазақстан	5,3	6,6	4,1	3,6	5,3	5,3
Жамбыл	10,2	12,2	10,6	10,8	11,3	11,4
Қарағанды	7,6	8,4	9,2	10,6	11,1	14,7
Қостанай	11,8	13,6	14,5	11,2	11,3	12,1
Қызылорда	12,0	10,1	11,7	11,2	11,4	12,2
Манғыстау	2,4	3,4	4,0	4,1	3,5	4,0
Павлодар	6,4	6,9	4,8	6,5	8,7	9,1
Солтүстік Қазақстан	10,9	11,6	10,6	11,3	11,2	11,7
Түркістан	4,2	5,6	5,9	6,6	5,3	6,5
Шығыс Қазақстан	5,6	7,6	11,5	14,9	15,1	15,5
Нұр-Сұлтан қаласы	11,1	10,7	13,2	13,6	14,4	14,7
Алматы қаласы	8,0	5,0	4,7	7,6	7,7	9,6
Шымкент қаласы	8,6	8,1	7,5	6,6	7,2	7,4

Ақпарат көзі: [6] ресми сайттарынан алынған.

Еліміздің облыстарының ішінде инновацияның барлық түрлері бойынша Шығыс Қазақстан облысы – 15,5, Нұр-Сұлтан қаласы – 14,7, Қарағанды облысы – 14,7, Қызылорда облысы – 12,2, Жамбыл облысы – 11,4 белсенділік деңгейі жоғары екендігін байқатты.

Инновациялық жобалар мен стартаптарды қаржыландыру жоғары тәуекелмен байланысты бизнестің жекелеген саласын білдіреді және ерекше заңнамалық және саяси қолдау шараларын қабылдауды талап етеді. Осы себепті инновациялық гранттар түрінде мемлекеттік қолдау көрсетуді және тәуекелді жеке қаржыландыруды тарту үшін жағдайлар жасауды қамтитын инновациялық жобалар мен стартаптарды қаржыландырудың кешенді жүйесін енгізу қамтамасыз етіледі [5].

Инновациялық гранттарды мемлекеттік қаржыландыру жүйесі жетілдіру қажет екендігі басты назарға алынуда. Инновациялық жобаларды мемлекеттік қолдаудың тиімділігін бағалау тәсілдері өзгертілетін болады, халықаралық үздік практикаға негізделген және венчурлік инвестициялау нарығына қатысушылардың белсенділігін ынталандыруға, осы салаға жеке капитал тартуға, инвестор мен кәсіпкердің өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіруге

бағытталған венчурлік қорларды ұйымдастырудың тиімді жүйесі енгізіледі.

Жеке тәуекелдік қаржыландыруды тарту және жас компаниялар мен инноваторлар үшін бастапқы жағдайлар жасау үшін ЭКСПО-2017 инфрақұрылымы базасында Astana International Smart Technologies Hub халықаралық технологиялық хабы құрылады. Бұл, бір жағынан, стартаптарға инвестиция салуға мүдделі венчурлік инвесторларды, адал бизнесті, жеке инвестициялар қорлары мен басқа инвесторларды және екінші жағынан, өз идеяларын коммерцияландыру үшін қаражат іздейтін бүкіл әлемнің стартаптарын және инноваторларын тартуға арналған бірегей алаңша болмақ [7].

Сонымен қатар, бұл 2018 жылы қабылданған Стратегиялық даму жоспардың ішінде «Кәсіпорындардың инновациялық қызметін ынталандыру» бастамасы жолында компаниялардың инновациялық өнімдерді, көрсетілетін қызметтерді әзірлеуге және жаңа технологияларды енгізуге мүдделілігін арттыру ынталандырылатын болады.

Еліміз бойынша компаниялардың инновациялық өнімдерін (тауарлар, көрсетілген қызметтер) көлемін, ЖІӨ-дегі пайыздағы үлесін келесі кестеден көре аламыз.

Инновациялық өнімдердің (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) ЖІӨ-дегі үлесі

пайызбен

	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Инновациялық өнімдердің (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) ЖІӨ-дегі үлесі, %	0,65	0,84	1,22	1,61	1,46	0,92	0,95	1,59	1,98

Ақпарат көзі: [6] ресми сайттарынан алынған.

Инновациялық өнімдер (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) көлемі

млн.теңге

	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Қазақстан Республикасы	235 962,7	379 005,6	578 263,1	580 386,0	377 196,7	445 775,7	844 734,9	1 179 150,2
Ақмола	9 822,5	19 902,1	18 205,7	33 801,6	13 217,2	21 036,2	15 721,9	25 644,6
Ақтөбе	16 880,9	6 542,4	8 300,6	4 454,4	1 838,8	16 660,2	39 442,0	44 299,9
Алматы	5 498,1	13 288,0	13 153,8	16 608,9	15 699,2	12 630,0	12 624,2	18 351,2
Атырау	1 828,1	4 772,2	38 078,2	18 655,3	7 506,1	7 419,4	5 768,0	8 819,8
Батыс Қазақстан	24 804,9	4 399,3	9 009,5	5 996,5	3 316,7	3 407,1	18 122,1	23 398,7
Жамбыл	11 251,8	19 181,2	19 637,4	25 250,3	23 163,7	34 104,1	50 854,7	66 782,3
Қарағанды	14 388,6	30 891,5	53 731,2	21 578,1	18 442,5	31 327,2	32 048,0	54 778,0
Қостанай	12 453,0	29 769,7	35 728,9	57 633,9	47 252,6	45 095,9	91 502,6	124 014,9
Қызылорда	2 281,3	3 645,0	6 641,7	4 761,2	6 930,2	6 295,2	5 505,8	6 401,7
Манғыстау	618,6	3 609,0	1 395,4	1 546,8	1 234,6	506,4	294,9	651,0
Павлодар	73 279,0	97 620,0	83 368,0	83 070,6	1 838,3	9 520,0	177 881,5	250 032,0
Солтүстік Қазақстан	1 469,5	6 098,3	16 028,0	16 500,4	11 753,8	11 312,8	13 804,9	9 396,5
Түркістан	10 105,2	14 018,1	19 870,4	9 612,6	10 535,0	14 727,1	13 140,0	13 375,7
Шығыс Қазақстан	33 592,5	99 332,1	109 378,9	97 778,9	13 420,9	54 299,5	80 472,0	174 068,8
Нұр-Сұлтан қаласы	1 818,6	4 787,0	119 923,4	125 507,0	111 239,6	120 559,3	149 277,5	112 146,2
Алматы қаласы	10 601,4	12 579,1	12 504,9	22 088,6	38 876,9	17 186,3	26 183,3	30 228,4
Шымкент қаласы	5 268,8	8 570,6	13 307,0	35 540,8	50 930,6	39 689,0	112 091,6	216 760,7

Ақпарат көзі: [6] ресми сайттарынан алынған.

Меншік нысандары бойынша өнімдік және процестік инновацияларға жұмсалған шығындар

	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Барлығы	194 990,9	325 639,3	431 993,8	434 602,5	655 361,0	1 528 645,9	899 681,8	856 449,5
соның ішінде:								
мемлекеттік меншік	8 091,4	9 194,5	39 420,8	25 368,8	18 200,4	25 781,8	27 919,5	28 921,3
жеке меншік	137 451,5	282 167,7	345 562,8	353 918,4	606 141,4	934 296,7	739 849,5	732 248,0
басқа мемлекеттердің, олардың заңды тұлғалары мен азаматтарының меншігі	49 448,0	34 276,9	47 010,2	55 315,2	31 019,3	568 567,4	131 912,9	95 280,2

Ақпарат көзі: [6] ресми сайттарынан алынған.

Өңдеу өнеркәсібіндегі технологиялық инновацияларға жұмсалған шығындар

	Барлығы	Оның ішінде	
		өнімдік инновациялар	процестік инновациялар
2003	17 289,2	2 958,2	14 331,0
2004	19 517,4	5 844,1	13 673,3
2005	44 843,0	8 699,4	36 143,6
2006	63 956,3	29 140,2	34 816,1
2007	53 629,6	8 441,3	45 188,4
2008	81 343,7	10 253,9	71 089,8
2009	27 819,7	4 563,1	23 256,6
2010	183 016,1	16 886,0	166 130,1
2011	101 246,5	50 791,0	50 455,6
2012	151 584,4	40 825,5	110 758,9

	Барлығы	Оның ішінде	
		өнімдік инновациялар	процестік инновациялар
2013	166 605,1	78 559,6	88 045,5
2014	202 946,1	87 800,7	115 145,4
2015	424 902,0	41 672,2	383 229,8
2016	1 197 059,4	106 208,6	1 090 850,8
2017	614 873,2	129 299,9	485 573,4
2018	610 862,3	145 271,1	465 591,2

Ақпарат көзі: [6] ресми сайттарынан алынған.

Өнеркәсіп салаларының ерекшелігіне, технологиясына, өнім өндіру және өңдеудің өзіндік сипатына, техника - технологиялық құрылымына байланысты оларға қарасты кәсіпорындардағы пайдаланатын еңбек құралдары мен заттары, жұмысшылардың кәсібилігі өзгеше болады. Сондықтан да барлық кәсіпорындарға ортақ, олардың ерекшелігіне тән индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы жасалуға тиіс деп ойлаймыз. Бұл бағдарламада кәсіпорынның өнім өндіру көлемі, жалпы өнім көлеміндегі қосылған құны жоғары өнімнің үлес салмағы, инновациялық жаңалығы бар өнімдердің саны, әртараптандыру жоспары, инвестиция көлемі мен оны тарту және пайдалану жобасы, инновациялық жобалар әзірлеу, кәсіпорынның техника-технологиялық құрылымын жаңарту, кәсіпорындарға келіп түсетін тапсырыстар көлемі, импортпен әкелінетін шикізат, комплект бұйымдары, машина, техника, құрал-жабдықтардың көлемі, экспортқа жөнелтілетін өнім көлемі сияқты сандық және сапалық көрсеткіштер есептелуі тиіс [8].

Әлемде инновациялық қызметті қолдау тәжірибесінің қаншалықты көп болғанымен де Қазақстан экономикасы үшін ең қолайлысын, тиімдісін елдің экономикалық, ғылыми-техникалық, табиғат-климаттық ерекшеліктеріне қарай таңдаған жөн деп есептейміз. Бұл шетелдік тәжірибені бірден көшіре салу емес, керісінше олардың инновациялық ынталандыру шараларын зерттеп, соған қарай инновациялық процестерді жүзеге асыру жүйесінің Қазақстандық моделін қалыптастыруымыз қажет.

Мемлекеттің негізгі инновациялық саясаты келесі шараларды қамтуы тиіс:

- инновациялық шаралардың экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін қалау;
- өндіріс тиімділігі мен ішкі нарықтағы тауар өндірушілердің өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін технологиялық жаңалықтар енгізу негізінде арттыру;
- кәсіпкерлердің инновациялық белсенділігін жоғарлату және инновациялық іс-әрекеттерді асыруға бөлінген мемлекеттік қаржыларды тиімді қолдану;
- отандық инновациялық өнімді халық аралық нарықта өткізуде қолдау және Республикадағы өнімнің осы түрі бойынша экспорттық әлеуетті арттыру [9].

Жаңа инновациялық саясат іске асқаннан кейін келесі нәтижелерді күтуге болады:

- өндірістік жүйедегі ресурстарды қолданудың тиімділігін арттыра отырып, бәсекелік артықшылықтың ерекше түрімен ұлттық экономиканы жетілдіруде құрылымдық өзгерістер енгізу;

- халықтың әл-ауқатын, өмір сүру деңгейінің жақсаруы.

Инновациялық факторларды өндіріске енгізу арқылы жалпы ішкі өнім көлемін тез қарқынмен дамыту мүмкіндігі пайда болады және бұл факторлар ел экономикасының дамуын экстенсивті бағыттан, интензивті бағытқа бет бұруға жағдай жасайды.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуы жолында инновациялық белсенділікті жоғарлату жағдайында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы аясындағы шикізат экспортын жандандыру және өңдеу өнеркәсібіне кең ауқымды инвестиция тарту индустриялық-инновациялық даму Стратегиясының маңызды міндеті болып табылады. Өңір экономикасының сипаттамалық ерекшелігі оның технологиялық даму және инновациялық әлеуеттер салалары деңгейлерінің өзара едәуір алшақтығы болып отыр. Индустриялық-инновациялық даму Бағдарламасы ғылым мен техниканың үздік жетістіктерін пайдалану негізінде экономика салаларын әртараптандыру арқылы және дамудың шикізаттық бағытынан шегіну арқылы облыстың ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуына бірегей аймақтық саясат жүргізуге және қалыптастыруға бағытталған.

Өңірлік Бағдарламаның негізгі мақсаты өнеркәсіп орындарының импорт алмастыратын және бәсекеге лайық өнімдерін өндіру тиімділігін көтеру мен тұрақтандыру және облыстың индустриялық-инновациялық әрі қарай дамуы үшін жағдай жасау болып табылады.

Осыған орай ғылыми-техникалық потенциал кез-келген мемлекеттің ұлттық байлығының негізгі саласы. Барлық дамыған елдер тәжірибесі көрсеткендей, экономикалық дамуыдың, көркеюдің негізгі жолы – ғылыми-техникалық және инновациялық салада лидер болу. Инновациялар мен жаңалықтар экономиканың құлдырауына төтеп беріп, ғылыми-техникалық прогрестің белсенді түрде дамуына жағдай жасап, ұлттық экономиканың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарлатады. Сондықтан да бүкіл дүние жүзіндегі кәсіпкерлер инновацияларды тиімді басқару мен ұйымдастыруға

ерекше көңіл бөледі. Ал мемлекет өз тарапынан ғылыми-техникалық және инновациялық саясат ғылыми – техникалық жетістіктерді адам игілігі үшін пайдаланып, адамзат өмір сүру жағдайларын сапалы түрде жақсартуға бағытталған. Бұл бүкіл адамзат тіршілігі мен шаруашылығының негізгі мақсаты. Қазір Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық зерттеулері мен инновациялық саясаты кризистік жағдайда. Бірақ сол қиындықтарға қармастан Қазақстан кәсіпкерлері шетел жаңалықтары мен ғылыми- техникалық жетістіктерін табысты түрде игеріп, оларды жоғары қарқынмен қызметтеріне енгізіліп келеді. Әрине бұл инновациялар халықаралық технологиялық деңгейде көтерілуге мүмкіндік береді, бірақ сол ғылыми- техникалық жетістіктердің көбісі тек біз үшін ғана инновация, ал шетелдіктер үшін олар кешегі күн жаңалықтары. Сондықтан да шетел технологиясы мен техникасын игерумен қатар өз ұлттық ғылыми- техникалық потенциалымыздың дамуына жағдай жасап, отандық ғалымдардың ғылыми жетістіктерін

өндіріске енгізіп, оларды бағалай білуіміз керек. Негізінен инновациялық қызмет жаңа шаруашылық аймақтық құрылымдарды (технопарктерді, бизнес инкубаторларды, аймақтық инновациялық қорларды, венчурлық фирмаларды) дамытуға, бұрын құрылған шаруашылық субъектілер арасындағы өзара байланыстарды трансформациялауға, бақару технологияларын дамытуға көмектеседі.

Қорыта келе инновациялық процесстерге бет бұру дегеніміз – бұрынғы даму жолдарын өзгерту, қоғамның барлық саласының даму динамикасын жаңарту, ғылыми-техникалық дамуға жаңа стимул беру мақсатында жұмыс істеу. Инновациялық жобаны іске асыру үшін ең алдымен жобаның түрлері мен әдістері анықталуы тиіс. Инновациялық саясаттың басты мақсаты – отандық өнімдердің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, осы арқылы еліміздің әл-ауқатын көтеру және қоғамның экономикалық дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Әдебиеттер:

1. Дуламбаева Р.Т. Инновационная индустриализация: особенности и проблемы реализации / <http://group-global.org/ru/publication>
2. Касенова А.С. «Кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін арттырудың басым бағыттары» / ҚазМемҚызПУ Хабаршы, Алматы 2012 №3(39)
3. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Жолдауы / <http://akorda.kz>
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары
5. 2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы (ИИДМБ-2) <http://adilet.zan.kz>
6. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы / <http://stat.gov.kz/official/industry/24/statistic/8>
7. Мельдаханова М. Эффективное использование человеческих ресурсов: сущность и особенности в условиях глобализации / Труд в Казахстане 2004 №7
8. Рогачева Т.М. Инновации как фактор человеческого развития и повышения конкурентоспособности страны / Материалы МНПК «Проблемы становления национальной инновационной системы и развития научного потенциала экономики Казахстана» / Алматы 16 мая 2007
9. Модернизация и рост конкурентоспособности экономики Казахстана / Под ред. О.Сабдена

Резюме:

Мақалада автор Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуы жолында инновациялық белсенділікті жоғарлату, инновацияның барлық түрлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі, инновациялық өнімдердің (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) ЖІӨ-дегі үлесі %, инновациялық өнімдер (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) көлемі, инновацияның барлық түрлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің негізгі көрсеткіштері, меншік нысандары бойынша өнімдік және процестік инновацияларға жұмсалған шығындары, кәсіпкерлердің инновациялық белсенділігін жоғарлату және инновациялық іс-әрекеттерді асыруға бөлінген мемлекеттік қаржыларды тиімді қолдану жолдары көрсетілген.

Негізгі сөздер: индустриялық-инновациялық даму, инновациялық белсенділікті жоғарлату, инновациялық белсенділік көрсеткіштері, өнімділік, процестік инновация, шығындар.

В статье автор рассмотрел вопросы инновационного развития Республики Казахстан на пути индустриально-инновационного развития повышение активности, инновационная активность предприятий по всем видам инноваций, доля инновационной продукции (товаров, услуг) в ВВП %, объем инновационной продукции (товаров, услуг), основные показатели инновационной активности предприятий по всем видам инноваций, затраты на продуктовые и процессуальные инновации по формам собственности, пути повышения

инновационной активности предпринимателей и эффективного использования государственных средств, выделенных на осуществление инновационной деятельности.

Ключевые слова: индустриально-инновационное развитие, повышение инновационной активности, показатели инновационной активности, производительность, процессные инновации, затраты.

In the article the author examines issues of innovative development of the Republic of Kazakhstan on the way of industrial-innovative development, increase of activity, innovation activity of enterprises in all types of innovation, the share of innovative products (goods, services) in GDP %, the volume of innovative products (goods, services) the main indicators of innovative activity of enterprises in all types of innovation expenditures on product and process innovations by ownership, ways of increasing innovative activity of entrepreneurs and effective use of public funds, allocated for implementation of innovative activity.

Keywords: industrial-innovative development, increase of innovative activity, indicators of innovative activity, productivity, process innovations, costs.

Авторлар туралы мәлімет:

Шаукерова З.М. – э.ғ.к., аға оқытушы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Нұр-Сұлтан қаласы)

Байтуова Л.Т. – экономика магистрі, 2 курс докторанты, «Қаржы академиясы» АҚ (Нұр-Сұлтан қаласы)

JEL: O20

Современные проблемы регулирования трудовых отношений в Республике Казахстан

Д. Кулумбетова, Б. Дуйсенбаева, А. Сугурова

Введение

В современной социально-экономической сфере наличествуют проблемы, связанные с распространением явлений скрытой безработицы, несовершенство и недостаточность социальной защиты работающих, проявления незадекларированного труда и т.п. Социальная защита трудовых прав работников, касающихся в первую очередь охраны и безопасности труда, обеспечения социальных гарантий в процессе трудовой деятельности, эффективной занятости, достойной заработной платы, в условиях стремления собственников предприятий к максимизации прибыли вызывает конфликт интересов, разрешение которого, заключается в налаживании эффективного механизма регулирования социально-трудовых отношений. Поэтому основной задачей трудового права в современных условиях является переход к децентрализации, опирающейся преимущественно на договорные методы регулирования. Коллективно-договорное регулирование отношений в социально-трудовой сфере выступает как процесс согласования интересов наемных работников с работодателями и стабилизации социально-трудовых отношений путем проведения переговоров на основе диалога и консенсуса, и заключения коллективных договоров и соглашений по важнейшим аспектам трудовых отношений [13]. Оно выступает одним из эффективных механизмов социального партнерства, основной формой взаимодействия в трудовых отношениях в странах с рыночной экономикой.

Социальное значение регулирования трудовых отношений, легализации трудовых отношений и увеличение экономической активности населения, сокращения нелегальной занятости населения; подтверждает актуальность исследования современного состояния регулирования трудовых отношений и обоснования направлений его улучшения.

Основная часть

В соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан под коллективным договором понимают письменное соглашение между коллективом работников и работодателем, регулирующий социально-трудовые отношения в организации, направленный на обеспечение согласования их интересов по вопросам регулирования трудовых отношений [11]. Коллективно-договорное регулирование социально-трудовых отношений выполняет функции защиты интересов участников трудовых отношений; организации и регламентации трудовых отношений; обеспечение стабильности трудовых отношений. Целью коллективного договора является

содействие гармоничным отношениям между работодателем и работниками, установление упорядоченных отношений на основе коллективных переговоров между работодателем и работниками, улучшения социально-экономического положения работников дополнительно к Трудовому кодексу Республики Казахстан, обеспечение мирного урегулирования споров и жалоб, а также установление соглашения, охватывающего ставки заработной платы и другие условия труда, а также установление прогрессивного, основанного на партнерстве подхода между работодателями и работниками. Таким образом, общественная значимость заключенных в организациях коллективных договоров состоит в том, что они являются надежным механизмом по снятию возможных ситуаций возникновения социальной напряженности и коллективных трудовых споров.

Сторонами коллективного договора являются: работодатель (компания) или уполномоченный им представитель компании - с одной стороны и работники в лице их представителей (одна или несколько профсоюзными органами), а в случае отсутствия таких органов - представители работников, избранные и уполномоченные трудовым коллективом - с другой стороны [11].

Профессиональные союзы - это самостоятельные, с фиксированным индивидуальным членством общественные объединения, добровольно создаваемые гражданами на основе общности их профессиональных интересов для представления и защиты трудовых, а также других социально-экономических прав и интересов своих членов, охраны и улучшения условий труда. Они способствуют реализации прав и законных интересов наемных работников в сфере труда, улучшению условий труда и обеспечению соответствующего уровня его оплаты [11].

В настоящее время существуют следующие профсоюзы и их объединения:

- Федерация профсоюзов Республики Казахстан (ФПРК);
- Конфедерация независимых профсоюзов Республики Казахстан (КНПРК);
- Конфедерация труда Казахстана (КТК);
- территориальные организации (добровольные объединения членов первичных профсоюзных организаций одного профсоюза, действующего на территории одного субъекта);
- отраслевые профсоюзные организации (добровольные объединения работников отрасли и смежных с ней отраслей или организаций отрасли и смежных с ней отраслей);

- локальные профсоюзные организации [1].

Необходимость создания и функционирования института профсоюзов в целях обеспечения эффективного регулирования трудовых отношений в социально-ориентированном государстве определяется следующими обстоятельствами [4].

В условиях современной рыночной экономики, характеризующейся высоким уровнем конкуренции, наиболее действенным способом повышения экономической эффективности бизнеса является сокращение издержек производства и реализации продукции. Самый дешевый способ повысить прибавочную стоимость – это интенсификация труда, снижение заработной платы, которое не сопровождается сокращением рабочего времени, сокращением льгот, социальных выплат.

Рынок не гарантирует своим участникам нормального уровня благосостояния. Социальная справедливость обеспечивается путем государственного вмешательства в экономику с помощью нормативно-правовых, экономических и социальных мер и рычагов для поддержания нормального уровня жизни населения путем обеспечения соответствия труда и вознаграждения, оказания помощи социально уязвимым слоям населения.

В таких условиях работники стараются защищать свои интересы с помощью профсоюзов, выступающих важнейшими социальными институтами, оказывающими влияние через систему социального партнерства непосредственно на процесс регулирования социально-трудовых отношений в обществе [6].

В рассматриваемый период (2012-2018 годы) по данным Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан, лица, работающие по найму, как и прежде, составляют подавляющее большинство экономически активного населения страны (таблица 1) [9]. В 2018 году основная доля работающих была занята в организациях (предприятиях) – 6,6 млн. человек (74,2%). Численность самостоятельно занятых лиц (занятые лица, размер вознаграждения которых напрямую зависит от дохода, получаемого от производства (реализации) товаров и услуг (где собственное потребление рассматривается как часть дохода) составила 2,1 млн. человек (23,8%).

Кестеде келтірілген мәліметтерден көріп отырғанымыздай, халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуде диспропорциялар байқалады, атап айтқанда, бір адамға шаққандағы тұрғын үймен орташа қамтамасыз етілуінің ең төмен деңгейлері Жамбыл және Алматы облыстарында орын алып, сәйкесінше, 16,6 және 18,9 шаршы метрлерді көрсетті. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету көрсеткіші бойынша Нұр-Сұлтан қаласы 29,8 шаршы метрді көрсетіп, бірінші орынға шығып отыр.

Коммуникация инфрақұрылымын жүргізу және оның жұмыс істеуі өңірдің мүмкіндіктеріне байланысты. Бұл тұрғыда өңір мен қаланың қаржылық мүмкіндіктері, сондай-ақ қажетті ресурстардың болуы маңызды болып табылады.

Осыған байланысты, біз ҚР өңірлерінің экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндіріс көлемін осы бөлімде қарастыруды орынды деп санаймыз. Жалпы Қазақстан Республикасы 2018 жылы өнеркәсіптік кәсіпорындары қолданыстағы бағамен 27576 млрд.теңгеге, 2017 жылы 22659 млрд. теңгеге және 2016 жылы 19027 млрд.теңгеге өнім өндірді, бұл осы үш жыл аралығында жалпы өсімнің шамамен 44,9% болғандығын көрсетеді. 2018 жылы өнеркәсіптік өндіріс көлемінің өсімі алдыңғы екі жылмен салыстырғанда республиканың барлық өңірлерінде байқалады (4 кесте).

Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндіріс көлемі

млрд. теңгемен

	Өнеркәсіп бойынша барлығы			Өңдеу өнеркәсібі		
	2016	2017	2018	2016	2017	2018
Қазақстан Республикасы	19 027	22 659	27 576	8 047	9 156	10 427
Ақмола	456	546	646	329	436	520
Ақтөбе	1 291	1552	1 855	368	527	597
Алматы	682	750	884	570	636	762
Атырау	4 495	5676	7 513	489	492	591
Батыс Қазақстан	1 567	1944	2 472	127	158	200
Жамбыл	341	368	397	240	255	281
Қарағанды	1 948	2259	2 567	1 531	1 771	2 004
Қостанай	599	747	872	315	398	450
Қызылорда	669	773	930	120	110	118
Маңғыстау	1 888	2307	2 948	149	163	228
Түркістан	789	858	454	488	586	237
Павлодар	1 370	1763	1 961	914	1 120	1 251
Солтүстік Қазақстан	198	223	251	144	158	178
Шығыс Қазақстан	1 507	1541	1 867	1 279	1 270	1 440
Нұр-Сұлтан қаласы	454	549	602	377	466	505
Алматы қаласы	772	801	884	609	611	667
Шымкент қаласы	-	-	477	-	-	399

Ескерту: [6] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды.

Жалпы Қазақстан Республикасы бойынша 2018 жылы өңдеу өнеркәсібінде 10427 млрд.теңгеге, 2017 жылы 9156 млрд.теңгеге және 2016 жылы 8047 млрд. теңгеге өнім өндірді, бұл осы үш жыл аралығында жалпы өсімнің шамамен 29,6% болғандығын көрсетеді.

Өңірлер бөлінісінде коммуникациялардың негізгі түрлерімен жабдықталған үй шаруашылықтарын талдау елдегі инфрақұрылымның қолжетімділігі туралы жалпы түсінік береді.

Көлік және байланыс

Қала мен жол желісі – бұл, аумақты қалыптастыратын, оған белгілі бір конфигурация беретін қаңқа болып табылады. Көлік-шаруашылық құрылымдарын мамандандыруды және кооперациялауды қамтамасыз етуге ықпал ететін, қоныстандырудың өңірлік жүйесін біріктіре отырып, шаруашылықтың аумақтық құрылымын интеграциялаудың маңызды факторы. Өнеркәсіптің ірі орталықтарын және оларды қосатын көлік коммуникацияларын дамыту өзара

шарттастырылған: магистральді көліктің дамыған жүйесі болмаса аймақта ірі кәсіпорындар пайда болмайды, ал олар пайда болғаннан кейін жаңа көлік құралдарын дамытуға, қазіргі қатынас жолдарының өткізу қабілетін арттыруға қажеттілік туындайды. Осылаша, көлік басты рөл атқаратын «даму дәліздері» пайда болады.

5-ші кестенің деректерінен біз 2016-2018 жылдардағы жалпы Қазақстан Республикасы және өңірлер бойынша автомобиль көлігі арқылы сипатталатын көлік құралдары санының өзгерістерін көріп отырмыз. Мәселен, көрсетілген жылдарда республика бойынша жүк автокөліктері санының 439167 бірліктен 404848 бірлікке және автобустар санының 98652 бірліктен 89291 бірлікке азайғандығын, сонымен бірге жеңіл автокөліктер санының 3845301 бірліктен 3847981 бірлікке біршама өскендігін байқауға болады. Ал өңірлерге келетін болсақ, мұнда автомобиль көлігінің көп саны Алматы, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарында және Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында шоғырланған.

Көлік құралдарының саны

жыл соңына, бірлік

	Автомобиль көлігі								
	жүк автокөліктері			автобустар			жеңіл автокөліктер		
	2016	2017	2018	2016	2017	2018	2016	2017	2018
Қазақстан Республикасы	439 167	440 612	404 848	98 652	90 430	89 291	3 845 301	3 851 583	3 847 981
Ақмола	26 679	26 829	24 535	3 623	3 305	3 258	177 761	178 034	177 381
Ақтөбе	19 321	21 425	19 132	3 704	3 573	3 567	152 448	148 613	149 229
Алматы	51 010	51 862	48 489	8 723	7 896	7 814	471 018	474 298	482 952
Атырау	16 381	17 466	16 878	5 454	5 630	5 751	115 805	114 317	114 484
Батыс Қазақстан	13 183	14 071	12 524	4 054	3 833	3 791	118 239	116 716	116 470

	Автомобиль көлігі								
	жүк автокөліктері			автобустар			жеңіл автокөліктер		
	2016	2017	2018	2016	2017	2018	2016	2017	2018
Жамбыл	33 844	23 189	21 536	7 765	4 747	4 651	190 881	194 015	195 682
Қарағанды	29 571	30 171	27 726	6 388	6 066	5 936	283 413	283 260	287 202
Қостанай	26 321	27 729	24 713	3 597	3 391	3 310	175 134	172 145	171 506
Қызылорда	20 362	20 194	18 510	5 499	5 083	5 061	110 099	110 085	112 612
Маңғыстау	20 403	20 497	18 980	5 085	4 730	4 690	139 068	137 501	140 255
Түркістан	51 298	53 778	48 851	15 869	14 777	13 964	476 860	481 571	25 256
Павлодар	20 615	20 554	18 438	4 954	4 598	4 423	157 688	155 655	154 362
Солтүстік Қазақстан	22 286	21 130	19 297	2 649	2 292	2 253	149 000	146 574	144 326
Шығыс Қазақстан	35 328	34 409	32 058	6 931	6 318	6 182	306 285	301 247	301 372
Нұр-Сұлтан қаласы	20 874	23 853	21 742	5 299	5 758	5 680	246 851	250 878	261 117
Алматы қаласы	31 691	33 455	30 195	9 058	8 433	8 315	459 501	462 494	471 082
Шымкент қаласы	-	-	1 244	-	-	645	-	-	24 701

Ескерту: [7] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды.

Республика өңірлерінің нарықтық инфрақұрылымын дамытуда, ішкі және сыртқы сауданы кеңейтуде көлік саласының жалпы шығарылым көлемі, тасымалданатын жолаушылар мен жол жүктері саны және жолаушылар мен жол жүктері айналымы көрсеткіштері маңызды рөл атқарады.

Мысалы, 2018 жылғы республика көлігімен 4103,6 млн. тонна жүк тасымалданды, бұл 2017 жылғы деңгейден 4,8% жоғары, осы кезеңдегі жүк айналымы 596,1 млрд. ткм құрады (2017 жылмен салыстырғанда 7,3%-ға артты), 23021,6 млн. жолаушы тасымалданды (2017 жылға қарағанда 1,3%-ға көп), жолаушылар айналымы 281,5 млрд. жкм құрады (2017 жылмен қарағанда 3,2%-ға өсті).

Тасымалданған жүктердің жалпы көлемінде автомобиль көлігінің үлесі 83,40%, теміржол көлігі – 9,69%, құбыр көлігі – 6,84%, көліктің басқа түрлері (әуе, ішкі су, теңіз) – 0,07% құрады. Жүк айналымында теміржол көлігінің үлесі 47,50%,

автомобиль көлігі – 28,97%, құбыр көлігі – 23,28%, көліктің басқа түрлері (әуе, ішкі су, теңіз) – 0,25% құрады.


Жолаушы айналымында, тасымалдаудың ұзақтығына байланысты теміржол көлігінің үлесі 6,58%, әуе көлігі – 5,75% құрады.

Республика үшін автомобиль көлігінің ерекше маңызы Қазақстанның кең аумағын және халықтың аз тығыздығын алдын ала айқындайды. Жекелеген өңірлер үшін ол жүк пен жолаушыларды жеткізудің жалғыз құралы болып табылады. Республикада автокөлік құралдарының жалпы саны 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 15,6 мың бірлікке (1,2%), соның ішінде, жүк көліктері – 9,6 мың бірлікке (4,7%), автобустар – 1,2 мың бірлікке (2,4%), жеңіл автокөліктер – 4,8 мың бірлікке артты.

Төмендегі суретте, 2018 жылғы өңірлер бөлінісіндегі республиканың автокөлік құралдарының үлесі көрсетілген.

1 сурет

Автокөлік құралдарының үлесі



Ескерту: Авторлармен құрастырылды.

Суреттен көріп отырғанымыздай, Алматы облысы мен Алматы қаласы автокөлік құралдарының 12,1% және 11,5% құрап, ең жоғары үлеске ие болды. 2018 жылға ең төменгі көрсеткішті келесі өңірлер көрсетті:

Қызылорда - 3,1%, Батыс Қазақстан - 3,1%, Атырау - 3,1%.

Жоғары жылдамдықты кең жолақты қолжетімділікті пайдаланумен тіркелген Интернет абоненттерінің саны

мың бірлік

	2016	2017	2018
Қазақстан Республикасы	2 349,9	2 576,0	2 462,9
Ақмола	102,1	107,9	110,8
Ақтөбе	82,2	88,2	88,7
Алматы	148,5	168,1	172,5
Атырау	73,4	78,7	79,7
Батыс Қазақстан	45,7	47,3	х
Жамбыл	58,0	61,5	65,2
Қарағанды	163,8	170,2	162,4
Қостанай	110,8	115,5	114,8
Қызылорда	47,0	52,4	54,9
Маңғыстау	62,9	70,1	73,8
Павлодар	96,1	107,4	107,3
Солтүстік Қазақстан	106,1	110,2	90,8
Түркістан	85,5	90,3	60,8
Шығыс Қазақстан	145,4	153,9	159,6
Нұр-Сұлтан қаласы	161,4	171,1	172,5
Алматы қаласы	861,0	983,3	306,8
Шымкент қаласы	-	-	52,2

Ескерту: [8] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды.

Кестенің мәліметтерінен, Республика бойынша жоғары жылдамдықты кең жолақты қолжетімділікті пайдалана отырып тіркелген Интернет абоненттері санының көрсетілген жылдар аралығында 113 мың бірлікке артқандығын көруге болады. 2018 жылғы статистикалық деректерге сәйкес, республика өңірлерінің бірінші үштігінде орналасқан өңірлер: Алматы қаласы - 306,8 мың бірлік, Нұр-Сұлтан қаласы - 172,5 мың бірлік, Қарағанды облысы - 162,4 мың бірлік. Бұл осы аймақтардағы халық интернетті белсенді пайдаланатынын көрсетеді. Ал көрсеткіштері төмен өңірлер: Шымкент қаласы - 52,2 мың бірлік, Қызылорда - 54,9 мың бірлік, Түркістан - 60,8 мың бірлік.

Сауда және қызмет көрсетулер

Сауда мен қызмет көрсету салалары негізгі нарықтық үдерісті ұйымдастырушылық және материалдық жағынан қамтамасыз етуші нарықтық инфрақұрылымға жатқызылады.

Осылайша, сауда және қызмет көрсету саласының нарықтық инфрақұрылым ретіндегі экономикалық мақсаттары ұлттық шаруашылықтың нарықтық жұмыс істейтін бөлігін қамтамасыз ету болып табылады.

Төмендегі кестеде келтірілген талдауда 2016-2018 жылдардағы көрсеткіштерге сәйкес, Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша өзара сауда айналымының негізгі көрсеткіштері берілген.

Өзара сауда айналымының негізгі көрсеткіштері

млн. теңге

	2016		2017		2018	
	бөлшек сауда көлемі	көтерме сауда көлемі	бөлшек сауда көлемі	көтерме сауда көлемі	бөлшек сауда көлемі	көтерме сауда көлемі
Қазақстан Республикасы	7 974 442,1	18 011 768,6	8 892 857,7	19 485 105,8	10 045 772,3	23 836 695,0
Ақмола	236 137,9	387 470,5	273 159,4	409 782,0	298 855,6	462 509,6
Ақтөбе	496 734,1	788 637,1	490 299,8	900 951,4	525 743,9	1 004 181,2
Алматы	390 219,9	393 481,9	448 715,6	422 731,3	511 802,1	491 429,9
Атырау	232 909,1	375 683,9	260 206,1	1 439 283,6	305 715,7	2 984 867,2
Батыс Қазақстан	241 780,6	307 143,3	265 334,4	315 054,2	292 838,8	363 808,5
Жамбыл	243 605,2	217 088,0	271 900,0	216 499,3	302 643,0	243 475,1
Қарағанды	690 319,8	946 953,6	781 139,7	1 060 269,0	880 040,8	1 170 180,2
Қостанай	275 279,4	500 191,4	317 109,4	531 795,3	360 410,3	624 224,9
Қызылорда	210 937,3	139 962,4	239 249,9	158 055,1	267 252,1	172 977,9
Маңғыстау	202 351,8	204 600,5	217 166,2	239 274,1	234 666,5	295 636,7
Павлодар	322 442,9	398 189,1	357 662,5	486 731,4	379 174,7	897 292,0
Солтүстік Қазақстан	194 784,6	253 640,0	220 123,5	298 874,8	261 554,3	341 298,6
Түркістан	409 757,6	620 206,4	460 805,0	706 595,5	177 561,7	94 377,8

	2016		2017		2018	
	бөлшек сауда көлемі	көтерме сауда көлемі	бөлшек сауда көлемі	көтерме сауда көлемі	бөлшек сауда көлемі	көтерме сауда көлемі
Шығыс Қазақстан	720 433,8	489 453,9	787 580,2	554 460,6	892 043,1	638 825,4
Нұр-Сұлтан қаласы	913 071,2	2 233 203,1	1 043 940,6	2 409 758,6	1 143 750,3	2 799 679,1
Алматы қаласы	2 193 676,9	9 755 863,4	2 458 465,4	9 334 989,5	2 851 679,6	10 017 769,3
Шымкент қаласы	-	-	-	-	360 039,8	1 234 161,7

Ескерту: [9] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды.

Кестеден көріп отырғанымыздай, өзара сауда айналымы көтерме сауда және бөлшек сауда көрсеткіштерінен құралады. Көтерме сауда айналымы республика бойынша 2018 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 18011768, млн.теңгеден 23836695 млн.теңгеге және бөлшек сауда айналымы 7974442,1 млн.теңгеден 10045772,3 млн.теңгеге өскен. Ал, Қазақстан Республикасы өңірлерінің өзара сауда көрсеткіштері бойынша әртүрлі айналым деңгейлеріне ие екендігін байқауға болады. Соның ішінде атап айтқанда, көрсетілген жылдары Алматы қаласының сауда айналымы Республика бойынша ең жоғары көрсеткішке ие. Сондай-ақ, сауда айналымының жоғары көрсеткішіне Нұр-

Сұлтан қаласы, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары ие. Сонымен қатар, аталған жылдары Түркістан, Қызылорда, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстарында ең төменгі сауда айналымы көрсеткіші анықталған.

Қызметтер көрсету саласына келетін болсақ, Республика өңірлерінің кәсіпорындары мен мекемелері негізінен жылжымайтын мүлікті сатуға, сатып алуға және жалға беруге байланысты қызметтерді; шығармашылық, өнер және ойын-сауық, спорт саласындағы қызметтерді; компьютерлік қызметтер, зерттеулер мен әзірлемелер саласындағы қызметтерді; басқа да коммерциялық қызметтерді жүзеге асырады.

8 кесте

Қызметтер секторының кәсіпорындары мен ұйымдары көрсеткен қызметтердің көлемі

млн.теңге

	Жылжымайтын мүлікті сатуға, сатып алуға және жалға беруге байланысты	Шығармашылық, өнер және ойын-сауық, спорт саласындағы қызметтер	Компьютерлік қызметтер, зерттеулер мен әзірлемелер саласындағы қызметтер	Басқа да коммерциялық қызмет саласында
2016				
Қазақстан Республикасы	896 020,6	31 783,7	141 501,9	226 403,8
Ақмола	15 895,1	580,4	798,8	1 248,2
Ақтөбе	28 001,1	731,6	825,1	1 176,7
Алматы	24 566,5	961,2	435,5	2 806,4
Атырау	38 428,8	1 368,7	4954,8	7 331,0
Батыс Қазақстан	26 280,6	846,7	1004,9	2 127,3
Жамбыл	8 035,1	618,5	181,5	2 921,1
Қарағанды	42 252,0	1 891,0	4690,6	4 648,9
Қостанай	16 714,7	879,8	2238,5	2 000,5
Қызылорда	6 605,6	613,8	411,0	1 042,7
Маңғыстау	22 015,7	546,5	1154,3	17 942,9
Павлодар	20 008,8	357,3	1621,8	3 845,5
Солтүстік Қазақстан	9 605,2	726,9	994,2	753,9
Оңтүстік Қазақстан	21 506,1	2 115,0	-	3 611,5
Шығыс Қазақстан	28 343,8	962,7	2208,3	2 564,7
Астана қаласы	203 064,7	10 277,8	43 977,7	41 090,0
Алматы қаласы	384 696,6	8 305,8	75 182,3	131 292,5
2017				
Қазақстан Республикасы	933 180,7	48 557,0	183 895,2	322 570,2
Ақмола	21 030,5	677,9	1 046,3	2 191,1
Ақтөбе	23 225,6	926,4	1 044,1	2 436,4
Алматы	21 689,8	1 686,7	502,0	4 039,5
Атырау	45 062,1	1 545,5	3 992,0	16 953,6
Батыс Қазақстан	47 311,9	1 080,4	1 923,6	2 998,1
Жамбыл	8 790,9	643,3	1 050,7	4 304,2
Қарағанды	56 511,5	2 121,1	4 439,5	6 131,1
Қостанай	24 616,8	891,1	3 000,1	2 497,5
Қызылорда	6 973,6	1 081,7	842,1	1 233,3
Маңғыстау	26 900,4	721,9	489,7	13 485,8

	Жылжымайтын мүлікті сатуға, сатып алуға және жалға беруге байланысты	Шығармашылық, өнер және ойын-сауық, спорт саласындағы қызметтер	Компьютерлік қызметтер, зерттеулер мен әзірлемелер саласындағы қызметтер	Басқа да коммерциялық қызмет саласында
Павлодар	25 482,2	421,7	3 010,1	3 571,0
Солтүстік Қазақстан	14 016,7	693,3	1 118,8	894,5
Түркістан	22 882,2	3 120,6	-	10 150,2
Шығыс Қазақстан	38 416,4	1 241,3	2 752,8	4 587,0
Нұр-Сұлтан қаласы	217 749,0	20 179,3	51 891,2	47 113,1
Алматы қаласы	332 521,1	11 524,8	105 036,0	199 983,8
Шымкент қаласы	-	-	-	-
2018				
Қазақстан Республикасы	954 446,1	56 371,2	208 844,5	384 636,4
Ақмола	19 243,9	329,0	668,4	2 097,0
Ақтөбе	28 400,6	916,8	1 035,1	2 365,6
Алматы	17 663,4	1 437,8	9 348,2	4 050,0
Атырау	45 179,9	448,0	2 186,2	17 231,7
Батыс Қазақстан	45 636,5	923,8	1 885,5	2 889,1
Жамбыл	8 490,4	691,7	894,6	4 149,9
Қарағанды	55 830,1	23 996,8	5 443,6	6 792,2
Қостанай	22 303,4	959,6	2 925,1	2 478,5
Қызылорда	5 492,2	812,4	1 062,7	1 680,2
Маңғыстау	31 977,8	607,9	475,1	15 821,7
Павлодар	24 655,7	443,4	3 174,7	4 093 127,8
Солтүстік Қазақстан	11 974,1	772,3	3 261,7	911,0
Түркістан	6 146,5	1 463,7	9 278,4	3 889,3
Шығыс Қазақстан	38 499,5	1 239,5	3 191,1	4 987,8
Нұр-Сұлтан қаласы	241 398,6	26 058,3	86 323,3	55 295 611
Алматы қаласы	331 277,1	11 730,4	92 421,9	246 498,4
Шымкент қаласы	20 275,6	13 401,6	43 105,1	9 405,1

Ескерту: [10] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды.

Кестеден көріп отырғанымыздай, республиканың ірі мегаполис қалаларында жылжымайтын мүлікті сатуға, сатып алуға және жалға беруге байланысты қызметтер барынша белсенді көрсетіледі. Атап айтқанда, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында 2017 жылға 217749 млн.теңге және 332521,1 млн. теңге, ал 2018 жылға 241398,6 млн.теңге және 331277,1 млн. теңге көрсеткіші тіркелді. Солтүстік Қазақстан облысы ең төменгі көрсеткішті құрады, яғни, 2017 жылға 14016,7 млн. теңге және 2018 жылға 11974,1 млн. теңге болды.

Компьютерлік қызметтер, зерттеулер мен әзірлемелер саласындағы қызметтер республика бойынша келесідей көлемдік көрсеткіштерді ұсынады: 2017 жылы – 183895,2 млн.теңге., 2018 жылы – 208844,4 млн.теңге. Кәсіпорындар мен ұйымдардың компьютерлік қызметтер, зерттеулер мен әзірлемелер саласындағы көрсетілген қызметтердің жоғары көрсеткішін Алматы (92421,9 млн. теңге), Нұр-Сұлтан (86323,3 млн. теңге), Шымкент (43105,1 млн. теңге) қалаларында тіркелді. Осы қызмет түрі бойынша төменгі көрсеткішті 2018 жылы Солтүстік Қазақстан (3261,7 млн. теңге) және Маңғыстау (4750,5 млн. теңге) облыстары көрсетті.

Шығармашылық, өнер және ойын-сауық, спорт саласындағы қызметтер аясында 2018 жылы жоғары қызмет көлемін көрсеткен өңірлер: Нұр-Сұлтан

қаласы (26058,3 млн. теңге), Алматы қаласы (11730,4 млн. теңге), Қарағанды облысы (23996,8 млн. теңге), Шымкент қаласы (13401,6 млн. теңге).

Білім және ғылым

Білім және ғылым саласы халықтың танымдық, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Білім және ғылым мекемелері әлеуметтік инфрақұрылымның құрамдас бөлігі болып табылады және білім беру-рухани кіші жүйесіне жатады.

Республика өңірлеріндегі білім және ғылым саласының қазіргі жағдайы жоғары оқу орындары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, ғылыми-зерттеушілік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТҚЖ) жүзеге асыратын ұйымдар және ауруханалық ұйымдар саны арқылы талданады.

Статистика комитетінің мәліметтеріне сәйкес, республикадағы жоғары оқу орындарының (ЖОО) саны 2016 жылдан бастап қысқарды, бұл мемлекеттік емес оқу орындарының жабылуына байланысты. Әрине, оқу орындарының жоғары үлесі Алматы қаласында (41) тіркелді. 2018 жылдың соңында республикада 124 ЖОО жұмыс істеді. Сонымен қатар, басқа өңірлердің жоғары оқу орындары ұсынатын білім беру қызметтерінің нарығын да дамып келеді (9 кесте).

Жоғары оқу орындарының саны

бірлік, жыл соңына

	2016	2017	2018
Қазақстан Республикасы	125	122	124
Ақмола	5	4	4
Ақтөбе	6	6	6
Алматы	3	3	3
Атырау	3	3	3
Батыс Қазақстан	5	4	4
Жамбыл	3	3	3
Қарағанды	9	9	9
Қостанай	7	7	7
Қызылорда	3	3	3
Маңғыстау	2	2	2
Павлодар	4	4	4
Солтүстік Қазақстан	2	2	2
Түркістан	2	2	2
Шығыс Қазақстан	7	7	7
Нұр-Сұлтан қаласы	14	13	14
Алматы қаласы	40	40	41
Шымкент қаласы	10	10	10

Ескерту: [11] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды.

Кестенің деректеріне сәйкес, ЖОО санының едәуір бөлігі Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында, Қарағанды облысында байқалады. Ал ЖОО ең аз қамтылған өңірлерге Алматы, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстары жатады.

2016 жылдан бастап 2018 жылға дейін Қазақстанда колледждер санының төмендеу үрдісі байқалады. 2016 жылдан бастап республикадағы колледждер саны 10 бірлікке азайды, 2018 жылдың соңында 769 колледжді құрады. Қазақстан өңірлеріндегі оқу орындарымен қамтамасыз ету бойынша жағдайды егжей-тегжейлі талдау олардың санымен ерекшеленеді. 2018 жылы тіркелген

оқу орындарының ең көп саны еліміздің ең ірі мегаполисі – Алматы қаласы орын алып, 78 колледж тіркелді. Одан кейін келесі өңірлерге Алматы (67 бірлік), Қарағанды (66 бірлік), Түркістан (53 бірлік), Павлодар (48 бірлік) жайғасты. Ал оқу орындарының саны аз өңірлерге Атырау (24 бірлік), Солтүстік Қазақстан (26), Қызылорда (29) облыстары жатады.

Ғылыми ұйымдар, олардың салалық тиістілігіне қарамастан, ғылымның барлық салаларында озық, қолданбалы зерттеулер мен әзірлемелерді қамтитын ғылыми зерттеулерді орындайды. Ғылыми мекемелер әлеуметтік инфрақұрылымның құрамдас бөлігі болып табылады және біз атап өткендей, білім беру-рухани кіші жүйесіне жатады.

ҒЗТҚЖ-мен айналысқан ұйымдар (кәсіпорындар) саны

бірлік, жыл соңына

	2016	2017	2018
Қазақстан Республикасы	383	386	384
Ақмола	9	11	11
Ақтөбе	14	16	16
Алматы	10	11	9
Атырау	11	10	10
Батыс Қазақстан	8	8	10
Жамбыл	11	11	9
Қарағанды	33	29	28
Қостанай	13	14	12
Қызылорда	10	8	7
Маңғыстау	7	6	6
Павлодар	10	11	14
Солтүстік Қазақстан	5	5	5
Түркістан	6	6	6
Шығыс Қазақстан	35	34	35
Нұр-Сұлтан қаласы	55	62	60
Алматы қаласы	133	131	135
Шымкент қаласы	13	13	11

Ескерту: [11] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды.

Жоғарыдағы кестенің деректерін талдау ғылыми мекемелер санының 2016 жылдан бастап 2018 жылға дейін 1 бірлікке көбейгенін көрсетіп отыр. Өңірлік аспектіде республикадағы ғылыми ұйымдардың неғұрлым көп шоғырлануы Алматы қаласында (135), Нұр-Сұлтан қаласында (60), Шығыс Қазақстан облысында (35) байқалады [11, 437-441 бет].

Денсаулық сақтау

Әрине, әлеуметтік инфрақұрылымның - денсаулық сақтау мекемелерінің болуы халыққа қызмет

көрсетуге және қызметтер өндіруге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы өңірлерін салыстыру ауруханалық мекемелермен неғұрлым аз және аз қамтамасыз етілген аймақтарды бөлуге мүмкіндік береді.

Төмендегі кестені талдау арқылы 2016-2018 жылдар аралығында республика бойынша ауруханалық ұйымдар санының 48 бірлікке азайғанын көруге болады.

11 кесте

Ауруханалық ұйымдар саны

жыл соңына, бірлікпен

	2016	2017	2018
Қазақстан Республикасы	877	853	788
Ақмола	37	37	30
Ақтөбе	47	45	46
Алматы	87	85	83
Атырау	35	29	28
Шығыс Қазақстан	81	80	80
Жамбыл	52	51	48
Батыс Қазақстан	32	31	29
Қарағанды	78	81	76
Қостанай	49	47	46
Қызылорда	48	47	47
Маңғыстау	28	29	36
Павлодар	42	38	40
Солтүстік Қазақстан	26	25	24
Түркістан	124	117	40
Нұр-Сұлтан қаласы	32	32	34
Алматы қаласы	79	79	87
Шымкент қаласы	-	-	26

Ескерту: [12] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды.

2018 жылғы жағдай бойынша Алматы қаласы (87 бірлік), Алматы (83 бірлік), Шығыс Қазақстан облысы (80 бірлік) әлеуметтік инфрақұрылымымен барынша қамтамасыз етілген. Ал әлеуметтік инфрақұрылыммен аз қамтамасыз етілген өңірлерге мыналар жатқызылады: Солтүстік Қазақстан облысы (24 бірлік), Шымкент қаласы (26), Атырау (28 бірлік), Батыс Қазақстан (29 бірлік), Ақтөбе қаласы (30 бірлік).

Осылайша, республика өңірлерінде қала тұрғындары арасында инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша айтарлықтай дифференциация байқалатынын атап өтуге болады. Бұл, өз кезегінде, білім алу, медициналық қызмет көрсету қызметтеріне қол жеткізу, мәдени орталықтарда лайықты бос уақытты өткізу, тиісті өмір сүру жағдайларын және басқа да қызметтерді қамтамасыз ету мүмкіндіктерінің теңсіздігіне әкеледі. Қазақстан аймақтары бойынша қалалық инфрақұрылымды салыстырмалы талдау бізге келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

Біріншіден, республика өңірлері бөлінісінде қалалық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейлері бойынша келтірілген деректерге сәйкес, инфрақұрылымның барлық түрлерімен негізінен дамыған өңірлер қамтамасыз етілген десе де болады. Бұл ірі бизнес орталықтары болып табылатын Алматы мен Нұр-Сұлтан қалалары, сондай-ақ, республиканың өнеркәсіптік дамыған өңірлері – Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары. Қазақстанның Оңтүстік облыстары Қызылорда, Жамбыл, Түркістан облыстары инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Екіншіден, біз Нұр-Сұлтан қаласының Қазақстан Республикасының өркендеген бас қаласы ретінде жеткілікті деңгейде тиісті дамыған инфрақұрылыммен, әсіресе тұрғын үйлермен, үй-жайларды абаттандырудың жекелеген түрлерімен, көлік және байланыс инфрақұрылымымен қамтамасыз етілгендігі туралы айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Гладкий Ю.Н., Чистобаев А.И. Основы региональной политики / Учебник / СПб.: Издательство Михайлова В.А., 1998, стр.13
2. Қазақстан өңірлері / Кітапша / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы <http://stat.gov.kz>
3. Қазақстан цифрларда / Кітапша / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы <http://stat.gov.kz>
4. Маханбетова У.Р. Основы и развития региональной экономики Казахстана / Международный научный журнал «Инновационная наука» 2015 №4, стр.84-85
5. Қазақстан және оның өңірлерінің өнеркәсібі / Статистикалық жинақ / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурс <http://stat.gov.kz>
6. Қазақстан Республикасында байланыс және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту / Статистикалық жинақ / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы <http://stat.gov.kz>
7. Қазақстан 2018 жылы / Статистикалық жинақ / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы <http://stat.gov.kz>
8. Қазақстан өңірлері / Статистикалық жинақ / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы <http://stat.gov.kz>
9. Қазақстан Республикасындағы көтерме және бөлшек сауда / Статистикалық жинақ / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы <http://stat.gov.kz>
10. Қазақстан Республикасындағы көлік / Статистикалық жинақ / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы <http://stat.gov.kz>
11. Қазақстандағы халықтың тұрмыс деңгейі / Статистикалық жинақ / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы <http://stat.gov.kz>
12. 2018 жылғы тұрғын үй нарығындағы баға / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы <http://stat.gov.kz>

Резюме:

Мақалада Қазақстан Республикасы өңірлерінің қалалық инфрақұрылымын дамыту мәселелері қарастырылады. Басты мақсаты болып халықтың жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімі, халықтың тұрғын үй жағдайы, көлік және байланыс, сауда және қызметтер көрсету, білім және ғылым, денсаулық сақтау сияқты кейбір әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді зерттеу жолымен республиканың өңірлік аспектіде қамтамасыз етілу деңгейін талдау табылады.

Негізгі сөздер: инфрақұрылым; «инфрақұрылымға қолжетімділік»; жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім; тұрғын үй нарығы; әлеуметтік инфрақұрылым; сауда; қызмет көрсету саласы; білім беру.

В статье рассматриваются вопросы развития городской инфраструктуры регионов Республики Казахстан. Главной целью является анализ уровня обеспеченности республики городской инфраструктурой в региональном аспекте путем исследования некоторых социально-экономических показателей, таких как, валовый региональный продукт на душу населения, жилищные условия населения, транспорт и связь, торговля и услуги, образование и наука, здравоохранение.

Ключевые слова: инфраструктура; «доступность к инфраструктуре»; валовый региональный продукт на душу населения; рынок жилья; социальная инфраструктура; торговля; сфера услуг; образование.

The article deals with the development of urban infrastructure in the regions of the Republic of Kazakhstan. The main objective is to analyze the level of urban infrastructure in the Republic in the regional aspect by studying some socio-economic indicators, such as gross regional product per capita, housing conditions, transport and communications, trade and services, education and science, health.

Keywords: infrastructure; «accessibility to infrastructure»; gross regional product per capita; housing market; social infrastructure; trade; services; education.

Авторлар туралы мәлімет:

Жабытай Б.Н. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, «Мененджмент» кафедрасының докторанты (Нұр-Сұлтан қаласы)

Досмағанбетов Н.С. – экономика ғылымдарының магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының аға оқытушысы (Нұр-Сұлтан қаласы)

JEL: M21

Өңірлердегі шағын және орта кәсіпкерліктің даму белсенділігін зерттеу

Р. Шоқан

Кіріспе

Шағын және орта кәсіпкерлік - елдің экономикалық өсімінің қарқынын, құрылымын және жалпы ұлттық өнімнің сапасын анықтайтын маңызды сектор. Дамыған елдерде жалпы ұлттық өнімнің жартысына жуығы шағын бизнестің үлесіне тиесілі. Шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындары шығарылатын өнімнің жартысын өндіреді. Ірі кәсіпкерлікке қарағанда, шағын және орта кәсіпкерліктің үлесіне елдегі құрылатын жаңа жұмыс орындарының 75-80 пайызы тиесілі. Керісінше ірі кәсіпорындарда жұмыс орындарын қысқарту байқалуда. Мәселе тек сандық көрсеткіштерде ғана емес. Шын мәнінде шағын және орта кәсіпкерлік нарықтық экономиканың негізін құрайтын база болып саналады.

Ірі бизнес құрылымына қарағанда шағын және орта кәсіпкерліктің бірқатар артықшылықтары бар. Біріншіден, нарықтық таңдауда еркіндікті қамтамасыз ете отырып, экономиканы құрылымдық тұрғыдан қайта құруға мүмкіндік береді. Екіншіден, қосымша жұмыс орындарын құра отырып, қоғамдағы жұмысбастылықтың деңгейін арттырады. Үшіншіден, шығындардың өтелім жылдамдығы нәтижесінде бизнестің табыстылығын арттырады. Төртіншіден, тұтынушылық нарықтағы өзгерістер мен тұтынушының нарықтық тәртіптерінің өзгеруіне сәйкес сұранысқа жылдам жауап береді. Шағын бизнес салалық және аумақтық монополизмге қарсылық таныта отырып, бәсекенің кеңеюіне және нарықтың тауарлар мен қызметтерге толығына мүмкіндік береді. Тұрғындардың жұмысбастылығы саласында потенциалға ие болып отырып, ірі кәсіпкерлік саласының өндірістік және технологиялық ерекшеліктеріне сәйкес қолданыла алмайтын жұмыс күшін өндіріске тартады. Яғни үй шаруашылығындағы әйелдердің, дене кемістігі бар адамдардың, зейнеткерлердің, білім алушылардың сонымен қатар негізгі жұмыс уақытынан кейін қосымша жұмыс істеуге тырысатын жұмыскерлердің жұмысбастылығын қамтамасыз етеді. Ел экономикасында шағын және орта бизнестің қалыптасуы мен дамуы экономикалық өсімді жоғарылатуға екпін береді.

Міндеттерді (мәселелерді) сипаттау

Қазақстанның 2050 жылға дейінгі дамуын айқындайтын стратегияда отандық кәсіпкерлік жаңа экономикалық бағыттың қозғаушы күші болу керектігін және шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 2030 жылға қарай, ең аз дегенде, екі есе өсу керектігі туралы мақсат қойылған. Оған қол жеткізу үшін шағын және орта бизнестің бірлестіктер мен кооперацияларға ұмтылысын көтермелеу, оларды қолдау мен көтермелеудің жүйесін жасауды, жергілікті бизнес-бастамаларды көтермелеу және ұсақ кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлерді орта деңгейге көшіру үшін жағдай және алғышарттар қалыптастыру міндеттері басымдық ретінде белгіленді [4].

Зерттеудің негізгі әдістерін, нәтижелерін және одан әрі перспективаларын суреттеу

Кез-келген кәсіпорынды оның «үлкен» немесе «шағын» деп сипатталуына қарамастан, оның жағдайын ақпаратсыз талдауды іске асыру мүмкін емес [6].

Отандық экономикадағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму қарқыны зерттеуге алынған жылдар ішінде өскені байқалады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ шағын және орта бизнестің үлесі 28% жоғары және жалпы сомасы 26,5 трлн. теңгенің өнімі өндірілді. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік 3,2 млн. адамды жұмыс орнымен қамтамасыз етіп отыр, бұл елдегі жұмысбастылықтың 37% құрайды. Жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінің үлесі 2005 жылы 10,5%; 2010 жылы 20,6% және 2015 жылы 24,9% ал, 2017 жылы 26,8 пайызды құрады.

2017 жылы 3190133 адам шағын және орта бизнес секторында жұмыс істеген. Елдегі жұмыспен қамтылған жалпы халықтың 36,7 пайызы шағын және орта кәсіпкерлік секторында жұмыспен қамтылған (1 кесте).

1 кесте

Шағын және орта кәсіпкерліктің даму қарқыны

	2013	2014	2015	2016	2017
Жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінің салымын бағалау, пайызбен	16,7	25,9	24,9	26,8	26,8
Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері, бірлік	1 535 983	1 655 386	1 481 454	1 498 243	1 540 592
Белсенді шағын және орта кәсіпкерліктің субъектілері, бірлік	888 233	926 844	1 242 579	1 106 353	1 145 994
Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны, адам	2 576 899	2 810 962	3 183 844	3 166 792	3 190 133

	2013	2014	2015	2016	2017
Шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандар саны	527 519	849 015	1 185 186	1 249 270	1 301 826
Орта кәсіпкерлік кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандар саны	711 788	516 520	351 779	352 954	361 393
Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығарылымы, млн. теңге	9 165 412	15 568 081	15 699 405	19 609 010	23 241 125
Шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарының өнім шығарылымы, млн. теңге	1 871 067	8 007 342	10 200 061	13 568 530	16 488 047
Орта кәсіпкерлік кәсіпорындарының өнім шығарылымы, млн. теңге	5 610 130	5 801 985	3 076 564	3 484 992	4 045 875

Ескерту: [3] әдебиет көзі негізінде құрастырылған.

2013-2017 жылдар аралығында шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындарының өнім шығарылымы 2,5 есеге артқан. 2017 жылы 2013 жылға қарағанда 153 пайызға өсіп, 23241125 млн. теңгені құрады. Оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілері 16488047 млн. теңгенің, орта кәсіпкерлік субъектілері 4045875 млн теңгенің өнімін өндірді. Республика деңгейінде 2017 жылы 1540592 бірлік шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тіркелсе, оның 74,4 пайызы немесе 1145994 бірлігі экономика салаларында белсенді әрекет етіп жатыр.


2017 жылы ауыл, орман және балық шаруашылығында жұмыс істеген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілердің мөлшері 222186 бірлік немесе жалпы республикада тіркелген белсенді шаруашылық субъектілерінің 19% пайызын; көтерме және бөлшек сауда, автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу саласында 408198 бірлік немесе 35,6 пайызын, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар секторында 77209 немесе 6,7 пайызын және құрылыс саласында 52011 бірлік немесе 4,5 пайызын құрады. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің басым бөлігін ауыл, орман және балық шаруашылығы саласында ұйымдастырылған кәсіпорындар құрап отыр.

Өңірлерде шағын және орта кәсіпкерліктің жағдайы мен даму қарқыны әртүрлі. Шағын және орта кәсіпкерліктің даму қарқыны бойынша өңірлерді топтастыру, әр өңірдің осы саладағы даму қарқынын анықтауға мүмкіндік береді. Кластерлік талдау әдісін қолдана отырып, кәсіпкерлік субъектілерінің белсенділігі зерттелді. Кластер — қандай бір ортақ қасиеттермен сипатталатын элементтердің тобы, топтану. Осы әдістің негізінде бірқатар белгілер бойынша зерттелетін объектілерді сипаттайтын деректер жиынтығы жатыр [7]. Кластерлік талдау біртекті жиынтықтарды топтастыру, айқын белгілерді таңдау, топтастыру сияқты экономикалық статистикалық зерттеудің міндеттерін шешуге негіз болады. Кластерлік талдау арқылы көп өлшемді жіктемені жасау үшін өңірлер бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын сипаттайтын 2017 жылғы көрсеткіштер зерттелді.

Қазақстан Республикасының 14 облысы мен 2 республикалық маңызы бар қалаларына талдау жүргізілді. Кластерлік талдау негізіндегі топтастырудың нәтижесінде өңірлердегі шағын және орта кәсіпкерліктің белсенділігі бойынша 6 кластер алынды (1 сурет).

1 сурет

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің белсенділігі бойынша өңірлердің жіктеме дендограммасы, 2017 жыл



Ескерту: Statistica 6.0 қолданбалы бағдарламасының көмегімен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері негізінде құрастырылған.

- 1 кластер: Ақмола облысын қамтыды;
- 2 кластер: үш облысты яғни Ақтөбе, Павлодар, Қостанай және Маңғыстау облыстарын біріктірді;
- 3 кластер: Алматы, Қарағанды, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарын қамтыды;
- 4 кластер: Жамбыл, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарын біріктірді;
- 5 кластер: Атырау және Батыс Қазақстан облыстарын біріктірді;
- 6 кластер: Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларын қамтып отыр.

Қазақстан Республикасы өңірлерінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің дамуының

кластерлік-талдау нәтижесі 2-кестеде көрсетілген. Алынған жіктеме 6-кластерге біріктірілген өңірлерде шағын бизнестің даму қарқыны әлде қайда жоғары екендігін көрсетті. 2017 жылы республика бойынша 1145994 бірлік шағын және орта кәсіпорын жұмыс істесе, оның 23,32 пайызы немесе 267236 бірлігі Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында орналасқан.

3 – кластерге шағын және орта бизнес саласының даму қарқыны жоғары өңірлер біріктірілген. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны орташа 111632,5 бірлік; онда 257987 адам жұмыспен қамтылған және тауар өндіру мен қызмет көрсетудің көлемі 1058604,8 млн теңгеге жеткен.

2 кесте

Кәсіпорындарда инновацияны қолдануы бойынша кластерлік-талдау нәтижесі

Кластер	Кластерге біріктірілген өңірлер	Көрсеткіштер				
		жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны, бірлік	жұмыспен қамтылғандар саны, адам	өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) шығарылымы, млн. теңге	тіркелген ШОК кәсіпорын-дарының саны, бірлік	белсенді ШОК кәсіпорын-дарының саны
1	Ақмола облысы	41 719	129 505	653 408	9 815	6 551
1 кластер бойынша көрсеткіштің орташа мәні		41 719	129 505	653 408	9 815	6 551
	Ақтөбе облысы	50 209	137 499	757 393	14 004	9 133
	Павлодар облысы	41 311	131 300	745 522	11 886	8 583
	Қостанай облысы	48 237	154 362	764 732	10 698	6 761
2	Маңғыстау облысы	47 015	116 175	784 844	11 934	7 498
2 кластер бойынша көрсеткіштің орташа мәні		46 693	134 834	7 606 22,8	121 30,5	7 993,8
	Алматы облысы	109 877	239 931	1 142 516	15 713	8 779
3	Қарағанды облысы	79 276	232 239	1 031 609	24 127	16 288
	Түркістан облысы	177 411	332 339	1 160 075	28 974	16 686
	Шығыс Қазақстан облысы	79 966	227 440	900 219	16 807	10 058
3 кластер бойынша көрсеткіштің орташа мәні		1 116 32,5	2 579 87,3	10 586 04,8	21 405,3	12 953,8
4	Жамбыл облысы	58 692	120 131	431 073	8 569	5 282
	Солтүстік Қазақстан облысы	27 587	102 393	490 388	7 442	4 829
	Қызылорда облысы	37 450	85 610	325 868	7 338	4 887
4 кластер бойынша көрсеткіштің орташа мәні		41 243	1 027 11,3	415 776,3	7 783	4 999,3
	Атырау облысы	42 897	126 650	1 647 391	9 758	6 119
5	Батыс Қазақстан облысы	37 111	113 115	1 448 044	7 944	5 597
5 кластер бойынша көрсеткіштің орташа мәні		40 004	1 198 82,5	15 477 17,5	8 851	5 858
6	Нұр-Сұлтан қаласы	97 251	328 227	4 888 936	57 315	35 590
	Алматы қаласы	169 985	613 217	6 069 107	109 660	58 719
6 кластер бойынша көрсеткіштің орташа мәні		133 618	470 722	5 479 021,5	83 487,5	47 154,5

Ескерту: [3] әдебиет көзі негізінде құрастырылған.

Ақтөбе, Павлодар, Қостанай және Маңғыстау облыстары біріктірілген 2-кластердегі белсенді шағын және орта кәсіпорындардың орташа саны 7993,8 бірлік, жұмыспен қамтылғандардың орташа саны 134834 адам және тауарлар өндіріп, қызметтер көрсетіп тұрған кәсіпорындардың орташа саны 46693 бірлікті құрады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері тарапынан өндірілген өнімнің көлемі 760622,8 млн. теңгеге жеткен.

Бірінші, төртінші және бесінші кластерлерге біріктірілген өңірлерде шағын бизнестің даму қарқыны шамалас. Зерттеу көрсеткендей аталмыш кластерлерге топтастырылған өңірлерде шағын және орта бизнесті экономиканың басым бағыты ретінде қарастыруды, кәсіпкерлік субъектілердің қызметін

жандыруға бағыттылған іс-шараны ұлғайту қажеттігін көрсетіп отыр.

Шағын және орта кәсіпкерліктің даму қарқыны бойынша Қазақстан Республикасы өңірлеріне жасалған кластерлік талдау келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік беріп отыр. Біріншіден, ел экономикасының қозғаушы күші ретінде шағын және орта кәсіпкерлік саласының қазіргі жағдайы мен дамуын сипаттауға, екіншіден кәсіпкерлік қызметтің ұйымдастырылу белсенділігі бойынша өңірлерді топтастыруға негіз болды. Кәсіпкерлік саласын қолдау мен дамытуда мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдірудің қажеттілігі бар. Кәсіпкерлік секторды мемлекеттік реттеу биліктің заңдық, атқарушы және сот органдары жүзеге асыратын іс-шаралар кешені,

сонымен қатар елдегі шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында ҚР мемлекеттік мекемелерінің нормативтік құқықтық актілер негізінде жүзеге асыратын бақылау функциясы [2]. Кәсіпкерлік саласының белсенділігін арттыру мақсатында мемлекетте бірқатар шаралар жүзеге асырылып, саланы реттеудің құқықтық базасы жетілдірілді. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты құжатында ұлттық экономиканың жетекші күші – кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау мәселесіне атап айтқанда шағын және орта бизнесті дамытуға басымдық берілді [4]. 2030 жылға қарай шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесін кемінде екі есеге өсіру мақсаты белгіленді. Яғни қоғам мүшелерінің бизнесті бастауына, сынап көруіне мүмкіндік беру және кәсіпкерлік бастаманы ынталандыру шаралары қолға алынып жатыр. Бірлестіктер мен кооперацияларға шағын және орта бизнес субъектілерінің қатысуын көтермелеу; бизнеске жасанды кедергі келтірушілерге бағытталған қатаң жауапкершілік жүйесін енгізу; отандық кәсіпкерлерді қолдау тетіктерін жетілдіру, мүдделерін қорғау мен ілгерілету үшін шаралар қабылдау; шағын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлерді орта деңгейге көшіру үшін жағдай және алғышарттар қалыптастыру тәрізді міндеттері айқындалды.

2015 жылы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі қабылданып, саланы жетілдірудің құқықтық тетіктері толық қанды бір жүйеге келтірілді. Кодекс Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз ететін құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктерді айқындайды, кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылына, оның ішінде кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуге және қолдауға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған [5].

Қазақстанда кәсіпкерлікті кешенді қолдаудың тиімді құралы ретінде «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті дамытудың және қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы саналады. Осы бағдарлама шеңберінде кәсіпкерлерге банктік несие бойынша пайыздық мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялау, банк кредиттері бойынша ішінара кепілдік беру, бизнесті жүргізуде сервистік қолдау көрсету, кадр дайындау, жастар тәжірибесі және әлеуметтік жұмыс орындарын құру сияқты мемлекеттік қолдауларға ие болады. Бағдарламаның негізгі мақсаты өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз етуді, бар жұмыс орындарын сақтауды және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құруды көздеп отыр. Бағдарлама шеңберінде ауылдық елді мекендер, шағын қалалар мен моноқалалар кәсіпкерлерінің қаржыландыруға қолжетімділігін арттыруды; кәсіпкерлердің өндірістік қуатын

ұлғайтуды, кәсіпкерлердің бизнес бастамаларын кеңейтуді, сонымен қатар өңдеуші өнеркәсіп өндірген өнім көлемін ұлғайтуды, ел экономикасында бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер құруды, халықтың шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылуын арттыруды; шетелдік валюталардың ауытқуларына байланысты валюталық тәуекелдердің кредиттік тәуекелге көшуіне жол бермеу міндеттері қойылған. Кәсіпкерлік саласын ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді; кәсіпкерлердің және индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің құзыретін және қызмет өнімділігін арттыруды және іскерлік байланыстарды кеңейтуді көздеуде. 2019 жылы аталмыш бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы аяқталады, бірақ саланың экономикалық, саяси әрі әлеуметтік тұрғыдан рөлінің жоғарлығын ескере отырып, бағдарламаны 2025 жылға дейін ұзартудың жаңа жобасы әзірленіп, оны жүзеге асыру үшін 400 млрд. теңге қарастыру көзделіп отыр [1]. Кәсіпкерлерді оқытудан бастап, дайын өнімді өткізу жүйесіне дейінгі барлық аралықта субъектілерді қолдау жүзеге асырылмақ, ЖІӨ-гі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесін 35 пайызға, ал, ЖІӨ-гі өңдеуші өнеркәсіптің үлесін 13,4 пайызға дейін арттыру күтілуде. Бұл алдағы 5 жылда мемлекет экономикасында жаңа жұмыс орындары құрылады, отандық тауарлар мен қызметтердің үлесі артады және салықтық түсімдердің мөлшері өседі дегенді сипаттайды.

Дүниежүзілік Банк жыл сайын әлем елдерінде өз бизнесін ашудың және оны жүргізудің қиындығын көрсететін Doing Business рейтингін жариялайды. Бұл рейтинг елдегі бизнес-климаттың деңгейін тікелей сипаттайды, мемлекеттегі инвестиция ағынына әсерін тигізеді және мемлекеттің өмір сүру деңгейіне оң әсер етеді. Рейтинг кәсіпкердің жаңа кәсіпорынды тіркеу, кәсіпорын қызметі, сауда операцияларын жүргізу, келісім-шарттардың орындалуын қамтамасыз ету, салық салу және кәсіпорынды жабу бойынша мемлекеттің талаптарын орындау уақыты мен құнын ескеретін кәсіпкерлік қызметті реттеудің 10 индикаторы негізінде жасалады. Әрбір индикатордың үлесі салмағы бірдей. Бұл ретте макроэкономикалық саясат, инфрақұрылым сапасы, жұмыс күшінің біліктілігі, валюта бағамдарының ауытқуы, инвесторлардың пікірі тәрізді мәселелер есепке алынбайды. Осылайша, әлем елдерінің бизнес-ортасы саяси аспектілерді ескерместен тек қана мемлекеттік реттеу деңгейінде қаралады.

2019 жылы Doing Business рейтингісін Жаңа Зеландия мемлекеті бастады, соңғы үш жыл қатарынан аталмыш ел бірінші орынды иемденіп келеді. Сонымен қатар рейтингтің алғашқы бестігін Сингапур, Дания, Гонконг және Оңтүстік Корея мемлекеттер құрап отыр (3 кесте).

Doing Business рейтингі

Елдер	2016	2017	2018	2019
	Рейтинг			
Жаңа Зеландия	2	1	1	1
Сингапур	1	2	2	2
Дания	3	3	3	3
Гонконг	5	4	5	4
Оңтүстік Корея	4	5	4	5
Грузия	-	-	9	6
Норвегия	9	6	8	7
АҚШ	7	8	6	8
Ұлыбритания	6	7	7	9
Македония	-	10	-	10
Швеция	8	9	10	-
Финляндия	10	-	-	-
Қазақстан	41	35	36	28

Ескерту: [8,9] әдебиет көздері негізінде құрастырылған.

Дүниежүзілік банк Қазақстанды 2017-2018 жылдары бизнесті жүргізу жеңілдігі индикаторлары шеңберінде реттеушілік реформалар жүргізген елдер қатарына кіргізген. Рейтингті анықталатын

көрсеткіштер негізінде, 2019 жылы Қазақстан өзінің позициясын 6 индикатор бойынша жоғарылатты (4 кесте).

Doing Business рейтингісіндегі Қазақстан Республикасының позициясы

Индикаторлар	2018	2019	Позицияның өзгерісі
Жаңа кәсіпорын ашу	41	36	+5
Құрылысқа рұқсат алу	52	35	+17
Электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу	70	76	-6
Меншікті тіркеу	17	18	-1
Несие алу	77	60	+17
Миноритарлық инвесторларды қорғау	1	1	-
Салық салу	50	56	-6
Халықаралық сауда	123	102	+21
Шарттардың орындалуын қамтамасыз ету	6	4	+2
Төлемқабілетсіздікті реттеу	39	37	+2

